

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИНІҢ СЕНАТЫ**

**Сенат Аппараты**

**АЛТЫНШЫ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИНІҢ ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫНДА СЕНАТТА  
ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАРАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ**

## Алтыншы шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші сессиясы кезіндегі Сенаттың заң шығарушылық қызметі

Көрсетілген уақыт мерзімінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында **84** заң жобасы қаралды\*.

Барлығы **83** заң қабылданды. Оның ішінде:

Конституцияға түзетулер енгізу – **1**;

Конституциялық заңдарға түзетулер енгізу – **2**;

дербес заңдар – **7**;

қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізуді көздейтін заңдар – **24**;

халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **49**.



**Экономикалық блокты** заңнамалық күшейту аясында келесі заңдар қабылданды.

Стандарттау саласындағы субъектілердің, олардың нақты мақсат-міндеттері мен стандарттау принциптерін, күзiреттерi мен қызметiн жүзеге асыру үрдісіндегі қарым-қатынасты біртұтастандырушы, ұлттық стандарттау жүйесін құруға бағытталған «Стандарттау туралы» жаңа Заң қабылданды.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** қабылданған Заңда сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді

\* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы 2019 жылдың 29 қаңтарындағы Үкіметтің Қаулысымен кері қайтарып алынды.

мекендерге жатпайтын жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырудың хабарлама жіберілетін түрін енгізу көзделген.

Жаңа редакциядағы **«Табиғи монополиялар туралы»** Заңда табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы жүйелендіру, сонымен қатар табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру, тарифтерді қалыптастыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуына бақылауды күшейту, сондай-ақ осы салаларға инвестициялар ағынын ұлғайту қарастырылған.

Қабылданған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң орталықтандырылған қызмет қағидаты бойынша мемлекеттік сатып алудың бірыңғай жүйесін ендіруді және квазимемлекеттік секторда сатып алуды жүргізу жөніндегі тәсілдерді қайта қарауды көздейді. Заңмен мемлекеттік органдардың электрондық сатып алуының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық сатып алуының ақпараттық жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін құру қарастырылған. Бірыңғай ақпараттық ресурсты пайдалану кәсіпкерлерге бір порталдан барлық сатып алу бойынша тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктің жалпы көлемін айқындауға мүмкіндік береді.

Арнайы экономикалық аймақтарды реттеу, сондай-ақ индустриялық аймақтар қызметін құқықтық регламенттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында **«Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы»** Заң қабылданды. Заңмен арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату тәртібі регламенттелді. Заңнамалық тұрғыдан индустриялық аймақтардың түрлері, сондай-ақ арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттері бекітілді. Сонымен қатар арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының функциялары, мәртебесі, оларды қаржыландыру және тарату тәртібі айқындалды.

Азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту, мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарының функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Заң арқылы орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарының функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізгі мақсаттары, қағидаттары мен тәсілдері регламенттелді. Функцияларды

іріктеу мен бәсекелес ортаға берудің негізгі өлшемшарттары, сондай-ақ тәртібі айқындалды.

**Әлеуметтік саланы** реттеуге арналған бірқатар заңдар қабылданды.

Кинематография саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін **«Кинематография туралы»** дербес заңды қабылдау, киноөндірісті қолдауға, ұлттық фильмдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, халық үшін кино көрсету қызметінің қолжетімділігін арттыруға, киноиндустрияның ашықтығы мен инвестициялардың тартымдылығы, шетелде қазақстандық киноның беделінің өсуі мен танылуы үшін жағдай тудырып отыр. Осы Заңмен ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды және ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдаушы, сондай-ақ кинематография саласындағы субсидияларды төлеу жөнінде бірыңғай оператор болып табылатын Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының жұмыс істеуі үшін құқықтық негіз жасалды.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң арқылы тегін медициналық көмектің мемлекеттік көлемінің жаңа үлгісі және міндетті медициналық сақтандыру пакеті енгізілді; медициналық ұйымдардағы корпоративтік басқару жүйесі жетілдірілді; денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспары енгізілді; қоғамдық денсаулықты сақтау мәселелері жетілдірілді; медициналық білім беру жүйесі мен ғылымды жетілдіру, медициналық кадрларды дайындау сапасын арттыру, донорлықты дамыту тәрізді мәселелер шешімін тапты.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң арқылы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жоспарлау жүйесі жетілдірілді. Шекті бағаларды бекіту арқылы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық дәрілік заттарға арналған бағаларды реттеу енгізілді. Заңда азаматтардың жекелеген санаттарын тегін немесе жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз ету үшін кешенді бағалаудың негізінде дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдардың ұлттық формулярлық тізбесін қалыптастыру және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды электрондық сатып алуға көшу, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған басқа да нормалар қарастырылған.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** қабылданған Заң бейресми жұмысқа тартылғандардың өз қызметін заңдастыруына және бірыңғай жиынтық төлемді төлеудің есебінен зейнетақымен қамсыздандыруға, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық мүшесі болуына мүмкіндік

беретін жүйелі шараларды ендіру арқылы шарттастыруға және оларды еліміздің экономикасына тартуға бағытталған.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** қабылданған Заңда балалардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін жетілдіру қарастырылған. Заңда осындай ұйымдардың функциялары нақтыланып, кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қарастырылған.

Заң жобасының негізгі жаңалығы ұлттық алдын алу тетігі (бұдан әрі – ҰАТ) қатысушыларының баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға баруына жататын объектілердің тізбесіне енгізу арқылы ҰАТ мандатын кеңейту болып табылады.

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Заңға «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың тұрғынжайды бірінші кезекте алуын көздейтін түзету енгізілді. Сонымен қатар Заңға «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға азаматтардың аталған санаттарының жиынтық орташа айлық кірісі тұрғынжай беру туралы өтініш жасау алдындағы соңғы 12 айда отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуы тиіс жағдайда мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай беруді регламенттейтін нормалар енгізілді.

Сондай-ақ заңға «жұмыс істеп жүрген жастар» деген жаңа ұғым енгізіліп, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі жаңа құзырет берілді.

**Қаржы топтамасын құрайтын заңнама** 2019 жылға республикалық бюджеттің параметрлерін белгілейтін **«2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»**, **«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019–2021 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»** заңдармен толықты.

Сонымен қатар **«2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»** Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ағымдағы жылдың сәуір айында қабылданған Заң арқылы бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдеріне, Ұлттық

қорға түсетін түсім көлеміне қатысты **2019 жылдың бюджетінің параметрлері нақтыланды.**

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** қабылданған заң мынадай міндеттерді шешуге:

- Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін және республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қаржы секторын реттеудің тәуелсіз органын құруға;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен жаңа реттегіш арасында құзыреттердің аражігін ажыратуға;

- тұтынушылық кредиттеу нарығында реттеушілік төрелік пен жүйелік проблемаларды жоюға;

- қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға;

- депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіруге;

- жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау мерзімін ауыстыруға және оны кезең-кезеңмен ендіруге;

- 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін негізгі борыш өтелген жағдайда, 2018 жылғы мүлік салығы мен жер салығын төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салықтық кезеңде салықтық міндеттемелер бойынша түзілген бересі сомасына есепке жазылған өсімпұлды есептен шығару бойынша жеке тұлғалар үшін салықтық рақымшылық жасауды енгізуге;

- жеке шоттарында 15 жылдан астам уақыт есепте тұрған және өздері бойынша салық органдарында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болмаған, алайда сонымен бірге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты салықтар бойынша борышы бар жеке тұлғалардың салықтық берешек сомасын есептен шығаруға бағытталған.

**«Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығын орындау, мемлекет басшысының Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру, сондай-ақ қабылданған міндеттемелердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, ағымдағы жылдың шілде айында «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.**

**Құқық қорғау саласы мен сот жүйесін** жетілдіру аясында келесідей заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы Жарлығын орындау үшін әзірленген, соған орай Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылып, ал Оңтүстік

Қазақстан облысы Түркістан облысы деп қайта аталып, оның әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшірілуіне сәйкес дайындалған **«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы»** Конституциялық заңы қабылданды. Заңнамалық актімен Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие болуына орай **«республикалық маңызы бар қала»** сөзін **«республикалық маңызы бар қалалар»** сөзіне ауыстыруды көздейтін түзетулер енгізілді.

Мүлікке иелік ету, пайдалану және билік ету сияқты оны құрайтын барлық бөліктерімен бірге меншік құқығын қорғауды күшейту, дауларды реттеудің балама тәсілі ретінде төрелік саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүліктік құқығын қорғаудың тетіктерін жетілдіру мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Заңның ережелерінде несие шарттары бойынша жекелеген мәселелерге анықтық пен айқындылық беру арқылы несие беруші мен қарыз алушының арасындағы мүдделер теңгерімін қамтамасыз етумен; мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қойылатын мүліктің құнына тең бағада өтемақы жасаудың негіздерін біріздендірумен; сотталған адамның мүлкін арнайы (нысаналы) тәркілеу институтын іске асырумен; жалпы қабылданған халықаралық нормаларға сәйкес төрелікті дамыту жөніндегі шектеу шараларын алып тастаумен; меншік құқығын қорғауды күшейтумен байланысты мәселелерді шешу көзделеді.

Сот жүйесін жаңғырту, судья кадрларды сапалы дамыту және жаңарту мақсатында **«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Конституциялық заңы қабылданды. Конституциялық заңмен Жоғарғы Соттың және облыстық соттардың жалпы отырыстарының төралқалары алынып тасталды. **«Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы»** енгізілді, оған облыстық соттың судьялары және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аудандық соттарының судьялары қатысады.

Конституциялық заңмен Сот жюриінің соттарға қатысты материалдарды қарауы үшін негіздемелер белгіленді.

Сонымен қатар аудандық сот төрағасының, облыстық сот төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьясының, Жоғарғы Сот судьясының және сот алқалары төрағаларының лауазымдарына кадр резерві енгізілді, оны Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі Комиссия

қалыптастыратын болады.

### **Транспорт және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы заңдар жаңартылды.**

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заңымен қолданыстағы заңнамаға жолаушыларды тасымалдау сапасын арттыру және тасымалдаулардың ауқымын кеңейтуге бағытталған бірқатар нормалар енгізіледі. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметі регламенттеледі. Оның жұмыс істеуінің құқықтық негіздері және қызметін қаржыландыру тәртібі, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті ұйымның арасындағы құзыреттердің аражігі айқындалды.

Сонымен қатар теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын, теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту жөніндегі, сондай-ақ кемелерден ластануды болғызбау жөніндегі қағидаларды, теңіз порты мәртебесін беру қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумақтық суларында жүзу қағидаларын бекіту жөніндегі уәкілетті органның құзыреті нақтыланды және толықтырылды.

Теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды, апаттар мен аварияларды тергеп-тексеру, теңіз кемелерімен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру және авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру тетіктері заңнамалық тұрғыдан бекітілді.

Бұдан өзге, теңіз кемелерін бақылау және қадағалау толықтырылды және жіктелді: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелерді және шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер мен теңіз портындағы кемелерді бақылау және қадағалау, кемелерді тексеру санын оңтайландыру мақсатында кемелерді міндетті түрде қарап-тексеру – алты айда бір реттен жиілетпей тексеру мерзімділігі, сондай-ақ кемені жоспардан тыс қарап-тексеру үшін негіздемелердің тізбесі белгіленді.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету және қалыптастыру, орналастыру мен орындау процесінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғаныстық тапсырыс әлеуетін дамыту мақсатында **«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы»** Заң қабылданды. Заң қорғаныстық өнеркәсіп, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техника айналымының жекелеген мәселелерін реттеуге бағытталған.

Заңда осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың, орындаушылар мен әскери өкілдердің функциялары айқындалды. Тұтастай алғанда мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау тәртібі регламенттелді, оның құрамы мен мазмұны айқындалды.



Сондай-ақ Үкіметтің, уәкілетті органның, орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, қорғаныстық өнеркәсіп және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті ұйымның және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының құзыреттері бекітілді.

Қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары, қару-жарак, әскери техника және пайдаланылмайтын мүлік айналымының ерекшеліктері, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық салалары мен нысандары заңнамалық деңгейде бекітілді.

Осы айтылғандармен қоса, **республиканың келісімдері мен халықаралық шарттарды ратификациялау** аясында автомобиль жолдарын дамыту жобаларын жүзеге асыруға бағытталған заңдар қабылданды. Сонымен қатар ЕЭО аясындағы интеграциялық құжаттамаларды, қосарланған салық салуды болдырмауды, сотталған адамдарды ұстап беруді, құқықтық көмекті регламенттеуші бірқатар келісімдер ратификацияланды.

Алтыншы шақырылымның төртінші сессиясындағы елеулі оқиға еліміздің Ата Заңына өзгерту болды. 2019 жылдың 20 наурызында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысы бойынша, Парламент палаталарының біріккен отырысында **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы»** Заң қабылданды. Осы өзгертулерге сәйкес, Қазақстан Республикасының астанасы «Астана» қаласынан «Нұр-Сұлтан» қаласы болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқы алдындағы тарихи рөлін мойындауға және сіңірген ерен еңбегін мәңгі есте сақтауға бағытталған.

Заң жобаларын Парламент Сенатында қарастыру барысында **9 заң жобасы түзетулермен Парламенттің Мәжілісіне қайтарылды.** Атап айтқанда: «Стандарттау туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»; «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет

туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар.

Парламент Сенатында тиісті заң жобаларын қарау жөніндегі бас комитеті ретінде:

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті** – 18 заң жобасын;

**Қаржы және бюджет комитеті** – 11 заң жобасын;

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті** – 19 заң жобасын;

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті** – 20 заң жобасын;

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті** – 12 заң жобасын;

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті** – 3 заң жобасын жүргізді.





## **КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ**

**1. «Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын, атыс қаруын, оның негізгі бөліктерін, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды беру тәртібі туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасы Хаттамаға қатысушы елдердің құзыретті органдарының өзара іс-қимыл жасауын, қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын заттарды қылмыстық процесте пайдалану үшін оларды беру туралы сұрау салуларды ресімдеу және орындау тәртібін, сондай-ақ Хаттамаға қатысушы елдердің сұрау салуларын орындаудан бас тарту негіздерін айқындайды.

Сонымен қатар, ол жоғарыда тізбеленген заттай дәлелдемелерді Хаттамаға қатысушылардың мемлекеттік шекаралары арқылы алып өту туралы ережені, олардың сақталуын және қайтарып берілуін қамтамасыз ету тәртібін бекітеді.

Хаттама есірткілердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың алдын алудағы, оларды ашу мен тергеп-тексерудегі ынтымақтастықты жандандыра түсуге ықпал ететін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 8 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 21 қарашада № 193-VI ҚРЗ қол қойды.

**2. «Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияны және Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияны толықтыратын хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Түсіпбеков.

Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада, Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияны толықтыратын хаттама (бұдан әрі – Хаттама) 2010 жылғы 10 қыркүйекте Бейжіңде жасалған.

Азаматтық әуе кемесін заңсыз басып алуға қатысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеу, әуе кемесін заңсыз басып алуға бағытталған қылмыстық әрекеттерге қатысты қатысушы мемлекеттердің юрисдикциясын белгілеу Конвенцияның негізгі мақсаты болып табылады.

Хаттама әуе кемелерін басып алудың заңсыз актілерінің тізбесін оған

айдап әкетудің алуан түрлерін, оның ішінде қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалана отырып айдап әкетуді енгізу арқылы кеңейтеді, қылмысты басқарушылар мен ұйымдастырушылар үшін қылмыстық жауаптылық, сондай-ақ құқық бұзушыға тергеуден, қудалаудан немесе жазадан жалтаруға ұмтылыс жасауына жәрдем көрсететін адамдардың жауаптылығын белгілейді.

Конвенцияны және Хаттаманы ратификациялау Қазақстанның қабылдаған міндеттемелерін адал орындауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ терроризммен күресудің жаһандық жүйесіне белсенді қатысуға ықпал ететін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 1), 2) тармақшаларына сәйкес Конвенция мен Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 26 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 8 желтоқсанда № 199-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар және кейбір басқа да актілер туралы конвенцияны және Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар және кейбір басқа да актілер туралы конвенцияны өзгертетін хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

1963 жылы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар және кейбір басқа да актілер туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) әуе кемесінің бортында жасалатын қылмыстар мен өзге де актілерге қатысты юрисдикцияны мемлекеттердің жүзеге асыруы тәртібін белгілейді, әуе кемесінің және оның бортындағы адамдардың немесе мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстар мен актілерді жасайтын адамдарға қатысты әуе кемесі командирінің өкілеттіктерін белгілейді.

2014 жылы 4 сәуірде Монреальда қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар және кейбір басқа да актілер туралы конвенцияны өзгертетін хаттама (бұдан әрі – Хаттама) уағдаласушы мемлекет, егер ол әуе кемесін пайдаланушы болып табылса, әуе кемесінің бортында жасалған қылмысқа қатысты өз қылмыстық юрисдикциясын белгілей алатынын регламенттейді.

Хаттамаға сәйкес әуе кемесіндегі күзет қызметкері, экипаждың кез-келген мүшесі немесе жолаушы командирдің рұқсатынсыз ақылға қонымды алдын-алу шараларын қолдана алады.

Әуе кемесінің командирі аумағында әуе кемесі қонатын кез келген уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органдарына әуе кемесінің бортында қылмыс болып табылатын акт жасады деп пайымдауға негіз болған кез келген адамды бере алады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Конвенция және Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 26 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 8 желтоқсанда № 198-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Заң жобасы есірткі саласындағы жаңа тәуекелдер мен қатерлерге қарсы іс-қимыл жасау бойынша мемлекет қабылдайтын шаралардың уақтылығын қамтамасыз ету үшін есірткіге қарсы заңнамалық жүйені жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы», «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңдарына түзетулерді қамтиды және мыналарды:

- ұғымдық аппаратты нақтылауды;
- «есірткі, психотроптық зат тектестер», «сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар» деген жаңа ұғымдар енгізуді;
- елімізде бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімдерін, заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені және сутегі атомдарын алмастырғыштар тізімін бекіту жөніндегі өкілеттіктерді ҚР Үкіметіне беруді;
- заттарды елімізде бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізу негіздері мен тәртібі бойынша толықтыруларды көздейді.

Заң жобасымен енгізілетін өзгерістер елде тыйым салынған есірткі заттарының тізімін нарықта пайда болатын, психологияға әсер ететін заттардың жаңа түрлерімен жедел толықтыруға мүмкіндік береді.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 желтоқсанда № 205-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **5. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы Жарлығын орындау үшін әзірленген, оған сәйкес Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылған, ал Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп қайта аталып, оның әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшірілді.

Заң жобасының мақсаты нормативтік-құқықтық базаны Президенттің Жарлығына сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасымен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдарға түзетулер көзделеді.

Енгізілетін өзгерістер редакциялық сипаттағы өзгерістер болып табылады, атап айтқанда жоғарыда аталған заңнамалық актілерде «республикалық маңызы бар қала және астана» және «Алматы және Астана қалалары» деген сөздерді «республикалық маңызы бар қалалар және астана» деген сөздермен ауыстыру ұсынылады.

Заң 2018 жылы 27 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 28 желтоқсанда № 209-VI ҚРЗ қол қойды.

## **6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы Жарлығымен (бұдан әрі – Жарлық) Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылған, ал Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп қайта аталып, оның әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшірілді.

Заң жобасының мақсаты жекелеген заңнамалық нормаларды Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістерге сәйкес келтіру бөлігінде Жарлықты іске асыру болып табылады.

Заң жобасымен 55 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасымен Шымкент және Түркістан қалаларының мәртебесін өзгертуге байланысты Салық кодексіне 2018 жылғы 1 шілдеден бастап алу көзделген салықтық мөлшерлемелерді ұлғайту бойынша түзетулер енгізілген.

Алайда аталған өңірлердің салық төлеушілерінің жағдайын нашарлатуға жол бермеу мақсатында өзгертілген базалық салықтық мөлшерлемелерді алуды 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтата тұру көзделген.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласы экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймаққа кірген.

Түркістан облысының орталығын Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшіруге байланысты заң жобасымен Түркістан облысының 12 ауылдық округінің халқын әлеуметтік қорғау шараларын сақтап қалу жөнінде түзетулер енгізіледі.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында заң жобасымен кеден ісі саласындағы құқық қорғау функцияларын Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен Қаржылық мониторинг комитетінің экономикалық тергеп-тексерулер қызметіне беру, сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілері үшін салықтық рақымшылық жасау көзделеді.

Заң жобасын қабылдау халықты үздіксіз әлеуметтік қамсыздандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді, Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Заң 2018 жылы 27 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 28 желтоқсанда № 210-VI ҚРЗ қол қойды.

## **7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Құсдәулетов.

Заң жобасы меншік құқығын қорғауды күшейтуге, төрелік институтын жетілдіруге, сот жүктемесін оңтайландыруға және экономикалық қылмыстарды ізгілендіруге бағытталған.

Заң жобасымен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне мүлікті тәркілеу кезінде адамдардың мүліктік құқығын қорғауды көздейтін толықтырулар енгізіледі, атап айтқанда:

- қылмыстық қудалау органының және соттың тәркілеу нысанына жатқызылған нақты мүлікті және дәлелдемені өздерінің актілерінде көрсету міндеті;

- соттың мүлікті тыйым салудан босату туралы мәселені қарау жөніндегі құзыреті белгіленген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ізгілендіру мәселелерін



қозғайтын нормалармен толықтырылады, оның ішінде:

- ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын алғаш рет орындамаған адам міндетті есепке жатқызылуға тиіс қаражатты банктегі шотқа қайтарған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады;

- Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын алғаш рет бұзған немесе банктің ақшасын заңсыз алғаш рет пайдаланған адам залалды өз еркімен өтеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады;

- салық және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтарған адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген салықтар және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешекті, сондай-ақ өсімпұлды өз еркімен төлеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Сот жүктемесін оңтайландыру мақсатында заң жобасымен:

- сот оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарайтын он істі бұйрық арқылы іс жүргізуге;

- сот бұйрығы шығарылатын тоғыз даусыз талапты атқарушылық жазбаны жасау үшін нотариусқа;

- сот атқарушыларының қаулыларын санкциялаудың бірқатарын соттан прокуратураға беруді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң 2018 жылы 27 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 21 қаңтарда № 217-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Келісімге Астана қаласында 2018 жылғы 14 наурызда қол қойылды.

Осы Келісімнің негізгі мақсаты Тараптардың көші-қон саласындағы екіжақты ынтымақтастығы үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

Келісім Тараптар мемлекеттерінің көші-қон заңнамасы туралы, оның ішінде көші-қон процестерін реттеуді, пана және азаматтық беру тәртібі туралы ақпаратпен және мәліметтермен алмасуды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасауды, заңсыз көші-қонға қарсы күресуді ұйымдастыруды анықтайды.

Келісіммен басқа Тарап мемлекеттің азаматтығына қабылданған немесе қайта қалпына келтірілген бір Тарап мемлекетінің азаматтары туралы, сондай-ақ Тараптардың бірінің азаматтығына тиесілігі туралы ақпаратпен және мәліметтермен алмасу көзделген.

Осы Келісімнің шеңберінде Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің аумағында

еңбек ресурстарын тарту саласында мемлекеттік органдар мен шаруашылық субъектілері арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 17 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 25 қаңтарда № 220 -VI ҚРЗ қол қойды.

**9. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Тәжікстан Республикасының аумағында және Тәжікстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Келісім Қазақстан және Тәжікстан азаматтарының Тараптардың аумағында міндетті тіркеусіз 30 күнге дейін мерзімде болу, сондай-ақ Тараптардың аумағында Мемлекеттік шекараны кесіп өткеннен кейін міндетті тіркеле отырып, 90 күнге дейін болу мерзімін белгілеуге бағытталған.

Келісімнің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасынан орталық мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі болып табылады.

Келісім бір мемлекет азаматтарының екінші мемлекет аумағында болуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1), 2) тармақшаларына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 17 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 25 қаңтарда № 218 -VI ҚРЗ қол қойды.

**10. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді іске асыру тәртібі туралы атқару хаттамасын ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Әбдікеров.

Заң жобасы 2018 жылғы 14 наурызда Астанада жасалған Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді іске асыру тәртібі туралы атқару хаттамасын (бұдан әрі – Келісім және Атқару хаттамасы) ратификациялауға бағытталған.

Келісім және Атқару хаттамасы мемлекеттердің аумағына ұлттық заңнаманы бұза отырып кірген немесе онда жүрген адамдарды мемлекеттердің құзыретті органдарының беруі және қабылдауы мәселелері бойынша Қазақстан мен Тәжікстан үкіметтері арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін жасауға бағытталған.

Келісім және Атқару хаттамасы Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумағына келу, онда болу немесе тұру шарттарын орындамайтын немесе орындауды тоқтатқан адамдарды анықтау және оларды қауіпсіз, реттеп қайтару үшін тиімді рәсімдерді айқындайды, сондай-ақ осындай адамдардың транзитіне ықпал етеді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім және Атқару хаттамасы ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 17 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 25 қаңтарда № 219-VI ҚРЗ қол қойды.

## **11. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

Заң жобасының мақсаты сот жүйесін жаңғырту, судья кадрларды сапалы дамыту және жаңарту болып табылады.

Конституциялық заң жобасымен Жоғарғы Соттың және облыстық соттардың жалпы отырыстарының төралқалары жойылады.

Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы енгізіледі, оған облыстық соттың судьялары және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аудандық соттарының судьялары қатысады.

Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысының құзыретіне жергілікті соттың екі судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жіберу мәселелерін қарауды, Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамына судьялардың кандидатураларын қарауды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсынымдар шығаруды жатқызу ұсынылады.

Судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін Жоғары Сот Кеңесінің

жанынан Сот жюриі құрылады, ол алты судьядан, кеңесші дауыс беру құқығы бар жұртшылық өкілдерінен және судьялардың қатарынан Жоғары Сот Кеңесінің бір мүшесінен тұрады.

Заң жобасымен Сот жюриінің судьяға қатысты материалдарды қарауы үшін мынадай негіздер белгіленеді:

- 1) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы;
- 2) облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарының шешімдері;
- 3) тексерулердің қорытындысы бойынша расталған, бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарында қамтылған мәліметтер мен фактілер, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;
- 4) судья әдебі жөніндегі комиссиялардың шешімдері.

Конституциялық заң жобасымен аудандық сот төрағасының, облыстық сот төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьясының, Жоғарғы Сот судьясының және сот алқалары төрағаларының лауазымдарына кадр резерві енгізіледі, оны Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссия қалыптастырады.

Заң 2019 жылы 14 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 21 ақпанда № 226-VI ҚРЗ қол қойды.

## **12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Г. Ким.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот төрелігі академиясына қатысты құзыретін көздейтін толықтыру енгізіледі.

Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Жоғарғы Сот Кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) судьяларды тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін немесе «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін атқаратын лауазымынан босату мәселелерін қарайтынын және Сот жүйесіндегі судья кадрларының жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы қалыптастыратынын қарастыратын толықтырулар көзделеді.

Заң жобасымен Кеңестің заңгер-ғалымдар мен адвокаттар қатарынан шыққан мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу белгіленеді, ол Кеңеске республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясында оқуды бітірген және біліктілік

емтиханын тапсырған адамдардың оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесі жөніндегі уәкілетті органда және оның аумақтық бөлімшелерінде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналаса алатынын көздейтін толықтыру енгізіледі.

Заң 2019 жылы 14 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 21 ақпанда № 227-VI ҚРЗ қол қойды.

### **13. «Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісім 2017 жылғы 1 қарашада Астанада жасалған.

Заң жобасының негізгі мақсаты уағдаласушы мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша тергеулерді, қылмыстық қудалауды және сот талқылауын жүргізуде көмек көрсетуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы келісімнің жобасы халықаралық құқықтың көпшілік таныған қағидаттары мен нормаларына, Қазақстанның және Иордан Хашимит Корольдігінің ұлттық заңнамаларына сәйкес әзірленді және жасалды. Келісім күдіктілердің және айыпталушылардың кінәсін дәлелдеу үшін қажетті тергеу әрекеттерін жүргізуді көздейді. Сонымен қатар, құқықтық көмек көрсетудің шарттары мен тәртібі және одан бас тартудың негіздері айқындалған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Келісім бойынша орталық орган болып табылады.

Келісімді ратификациялау екі елдің қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастығының тиімділігін арттырады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 21 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 5 наурызда № 231-VI ҚРЗ қол қойды.

### **14. «Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы адамдарды ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Түсіпбеков.

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы адамдарды ұстап беру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 1 қарашада Астанада жасалды.

Келісім әрбір уағдаласушы мемлекеттің өз аумағында жүрген, ұстап беруге әкелетін қылмысы үшін сұрау салушы тараптың аумағында қылмыстық қудалау немесе сот үкімін орындау мақсаттарында іздеу салынған адамды ұстап беруіне бағытталған.

Келісімде ұстап беру және одан бас тарту үшін негіздер көзделген.

Келісімді ратификациялау екі елдің де қылмыспен күрестегі ынтымақтастығының тиімділігін арттырады.

Қазақстан Республикасы үшін осы Келісім бойынша Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы орталық орган болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 21 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 5 наурызда № 232-VI ҚРЗ қол қойды.

### **15. «Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Тағымов.

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігі арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 1 қарашада Астанада жасалған.

Келісім Тараптардың құзыретті органдары арасындағы сотталған адамдарды өздерінің азаматтығы тиесілі мемлекеттерде жазаны одан әрі өтеу үшін беру мәселелері бойынша ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін реттейді.

Келісімнің ережелеріне сәйкес беру сотталған адамның немесе оның заңды өкілінің жазбаша келісімі болған шарттарда және беруге екі Тараптың келісімі болған кезде жүзеге асырылады. Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес берілген сотталған адамға қатысты кешірім жасауды, рақымшылықты немесе жазаны жеңілдетуді жүзеге асыруға құқылы.

Осы Келісім бойынша Қазақстан Республикасының тарапынан Бас прокуратура орталық орган болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 21 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 5 наурызда № 233-VI ҚРЗ қол қойды.

**16. «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Шартқа 2017 жылғы 15 маусымда Ханой қаласында қол қойылды.

Осы Шарттың негізгі мақсаты қылмыспен тиімді күресу үшін өзара ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

Шарт ынтымақтастық салаларын, орталық органдарды, көмек көрсету туралы сұрау салулардың мазмұны мен нысандарын, көмек көрсетуден бас тарту немесе оны кейінге қалдырудың тәртібі мен шарттары, сұрау салуларды орындау, сондай-ақ көмек көрсетуге, консультациялар мен басқа да уағдаластықтар жүргізуге байланысты өкілдік етуді және шығыстарды айқындайды.

Шартпен мынадай құқықтық көмек көрсету түрлері: құжаттарды табыс ету; куәні, сарапшыны шақыру; дәлелдемелер мен айғақтар алу және беру, оның ішінде бейнеконференция немесе телевизия байланысы арқылы дәлелдемелер алу және айғақтар беру; тергеп-тексеруге немесе айғақтар беруге көмек көрсету үшін адамдарды Сұрау салушы тарапқа уақытша беру; қылмыстың кірістерін және/немесе құралдарын анықтау, бұғаттау, тыйым салу немесе тәркілеу жөнінде шаралар қабылдау; ақпарат алмасу, осы Шарттың мақсаттарына сәйкес келетін көмектің кез келген өзге де нысандары көзделеді.

Осы Шарттың шеңберінде Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бір-біріне қылымыстық істер бойынша толық көлемде өзара құқықтық көмек көрсетуге міндеттенеді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 28 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 5 сәуірде № 244-VI ҚРЗ қол қойды.

**17. «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Тағымов.

Қазақстан Республикасы Заңының жобасын комитеттің 2019 жылғы 3 сәуірдегі кеңейтілген отырысында заң жобасының бастамашысының, Сенат Аппараты қызметкерлерінің қатысуымен қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 11 желтоқсанда Мәскеуде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің отырысында жасалды.

Келісім авторлардың, орындаушылардың, фонограмма

дайындаушылардың (жасаушылардың), авторлық және сабақтас құқықтарды өзге де иеленушілердің жеке тәртіппен авторлық және сабақтас құқықтарды іс жүзінде жүзеге асыруы қиын болған немесе мүше мемлекеттердің заңнамаларында осы құқықтардың объектілерін құқық иеленушілердің келісімінсіз, бірақ сыйақы төлей отырып пайдалануға жол берілетін жағдайларда, мүше мемлекеттердің аумақтарында авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібін белгілейді.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалатын авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару салаларында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды құру мүмкіндігі көзделеді.

Келісімге сәйкес мүше мемлекеттер өздерінің заңнамасында авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін құқық иеленушінің не ұйымның келісімінсіз пайдаланғаны, ұйымның құқық иеленушіге жиналған сыйақыны төлемегені, аудит және тексеру жүргізу жөніндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауаптылық белгілейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 7 мамырда № 252-VI ҚРЗ қол қойды.

### **18. «Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Құсдәулетов.

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шарт 2017 жылғы 24 сәуірде Вильнюсте жасалды.

Шарттың мақсаты сотталған адамдардың және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдардың өздерінің азаматтығы тиесілі қоғамға қайта араласуына жәрдем көрсету болып табылады.

Шартқа сәйкес Тараптар бір-біріне Тараптардың соттарымен бас бостандығынан айыруға сотталған немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды бұдан әрі жазасын не емдеуін өздері азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін беруге міндеттенеді.

Шартта сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру мен одан бас тарту үшін нақты негіздер көзделген.



Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасынан орталық мемлекеттік орган Бас Прокуратура болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 30 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 13 маусымда № 258-VI ҚРЗ қол қойды.

## ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

**1. «1996 жылғы 12 маусымдағы Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Шелпеков.

1996 жылғы 12 маусымдағы Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасында хаттама 2017 жылғы 23 наурызда Астанада жасалды.

Хаттаманың мақсаты ақпарат алмасу арқылы екі мемлекеттің салық органдарының ынтымақтастығын дамыту және кірістердің жекелеген түрлеріне салық салу нысанында Келісімнің жекелеген ережелерін қайта қарау болып табылады.

Хаттамамен:

- ақпарат алмасуды ұлғайту арқылы салықтан жалтаруға жол бермеуге бағытталған ережелерді өзгерту, салық жинауға жинауға көмектесу;
- бейрезиденттің тұрақты мекеме құру өлшемшарттарын айқындайтын баптарының ережелерін нақтылау;
- бірқатар терминдерді өзгерту және Келісімнің күші әсер ететін қазақстандық салықтардың атауларын нақтылау;
- дивидендтерге, проценттерге, роялтіге, мүлік құнының өсуіне, тәуелсіз жеке қызметтерге және басқа табыстарға салық салу тәртібін реттейтін баптарды өзгерту көзделген.

Хаттама салық қатынастарының салыстырмалы тұрақтылығына кепілдік береді, табыстарға қосарланған салық салуға жол бермейді және сол арқылы екі мемлекет арасында неғұрлым тығыз экономикалық байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Заң 2018 жылы 6 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 18 қыркүйекте № 182-VI ҚРЗ қол қойды.

**2. «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

«2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық

құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын іске асыру, қабылданған міндеттемелердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ 2018-2022 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты әзірленді.

Әлемдегі ағымдағы ахуалды, сыртқы нарықтардағы конъюнктураны, 2017 жылғы ЖІӨ есептік базасының шығуын және Қазақстан экономикасы салаларының 2018 жылдың 8 айында дамуының алдын ала қорытындыларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының 2018-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде 2018 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы нақтыланды.

Базалық сценарийде 2018 жылы мұнайдың бағасы баррель үшін 55 АҚШ доллардан баррель үшін 60 АҚШ долларға дейін артты.

2018 жылғы номиналды ЖІӨ 58 242,9 млрд. теңге көлемінде бағаланады, бұл 2018 жылғы сәуірде мақұлданған көрсеткіштен салыстырмалы түрде 1 036,2 млрд. теңгеге жоғары. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 9 114,2 АҚШ долларын құрады. ЖІӨ нақты өсуі өзгерген жоқ және 103,8%-ды құрап отыр.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша жылдың аяғына қарай инфляция бұрын жоспарланған 5-7% нысаналы дәліз шегінде сақталады.

Экспорт бойынша болжам 2,6 млрд. АҚШ долларына ұлғайған және 56,5 млрд. АҚШ долларын құрайды. Импорт көлемі 917,5 млн. АҚШ долларына төмендей отырып, 33,2 млрд. АҚШ долларына дейін түзетілген.

Экономика салаларының өсу болжамы бұрынғы деңгейде.

2018 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістер болжамы (трансферттер түсімінсіз) өзгеріссіз қалып, 5 718,2 млрд. теңгені құрап отыр.

2018 жылы трансферттер түсімі Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгеруіне және Шымкент қаласын республикалық маңызы бар қала санатына жатқызуға байланысты кері трансферт нәтижесінде 15,0 млрд. теңгеге ұлғаюмен жалпы сомасы 2 933,5 млрд. теңге көлемінде көзделген.

2018 жылы бюджеттік кредиттерді өтеу 120,5 млрд. теңге сомасында немесе 2,4 млрд. теңгеге аздаумен айқындалған.

2018 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары нақтыланған бюджетпен салыстырғанда 12,6 млрд. теңгеге ұлғаюмен 9 655,5 млрд. теңге сомасында көзделген. Аталған ұлғаюды, сондай-ақ қаражаттың қайта бөлінуін ескере отырып, республикалық бюджет шығыстары:

- 29,7 млрд. теңге сомасында Шымкент және Түркістан қалаларының әкімшілік мәртебелерін өзгерту және оларды дамыту бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын;

- 39,4 млрд. теңге сомасында Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс

сапасын арттыру» атты Жолдауында айтылған жекелеген тапсырмаларын;

- 44,5 млрд. теңге сомасында елдің бұрын қабылданған міндеттемелерін және Президенттің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жыл сайынғы Жолдаулары шеңберіндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін 103,4 млрд. теңге сомасында немесе 26,0 млрд. теңгеге ұлғайтумен белгілеу ұсынылады.

2018 жылға арналған республикалық бюджет тапшылығы өзгеріссіз қалып, 883,2 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-нің 1,5%-ын құрады.

2018 жылға арналған бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – 4 330,5 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 7,4%-ы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің нақтыланған болжамы 2018 жылы жоспардағыдан 1 133,0 млрд. теңгеге ұлғаяумен 3 138,1 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Тұтастай алғанда заң жобасы мемлекеттік бюджеттік жоспарлау жүйесінің нормаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес келеді.

Заң 2018 жылы 25 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 29 қазанда № 187-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019 – 2021 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 24-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленген.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшерлерін бекіту көзделеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңестің шешіміне сәйкес Ұлттық қордан 2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері 2019 жылға – 2 450,0 млрд. теңге, 2020 жылға – 2 300,0 млрд. теңге, 2021 жылға – 2 000,0 млрд. теңге болып айқындалды.

2019 – 2021 жылдарға арналған Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің айқындалған мөлшерлері Ұлттық қордағы қаражаттың тиісті қаржы жылының соңына ішкі жалпы өнімнің болжамды мәнінен 30% мөлшерінде төмендемейтін қалдық бойынша шарттың орындалуын қамтамасыз етеді.

Тұтастай алғанда заң жобасын қабылдау бюджеттің және Ұлттық қордың теңгерімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ үш жылдық кезеңде мұнайдан тыс тапшылықты төмендетуге мүмкіндік береді.

Заң 2018 жылы 26 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 30 қарашада № 196-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

«2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының 2019 – 2021 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджет параметрлерінің және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдаулары негізінде әзірленді.

Осы факторлар ескеріле отырып, жоспарланатын номиналды ЖІӨ 2019 жылы 64,1 трлн. теңгеден 2023 жылы 86,9 трлн. теңгеге дейін өседі. ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 4,2 %-ды құрайды. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 2019 жылы 9,9 мың АҚШ долларынан 2023 жылға қарай 12,9 мың АҚШ долларына дейін өседі.

Мұнайдың әлемдік бағасы 2019 – 2023 жылдары бір баррельге 60 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасады. Шикі мұнай өндіру көлемі 2019 жылы 88,0 млн. тоннадан 2023 жылы 99,0 млн тоннаға дейін өсуі күтілуде.

Өнеркәсіп 2019 – 2023 жылдар аралығында орташа алғанда 3,4 %-ға өсетін болады. Ауыл, орман және балық шаруашылықтары бұл кезеңде жыл сайын орташа алғанда 6,4 %-ға жыл сайын өсетін болады.

Экспорттың жоспарлы көлемі 2023 жылы 68,5 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғаюмен 2019 жылы 56,4 млрд. АҚШ долларын құрайды, импорт 2019 жылы 34,8 млрд. АҚШ долларынан 2023 жылы 41,9 млрд. АҚШ долларына дейін өседі.

Ақша-кредит саясаты елдегі баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге, 2019 жылы 4,0 – 6,0% және кейінгі орта мерзімді перспективада 3,0 – 4,0% дәлізіндегі инфляция бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталады.

Бюджет жобасы мынадай үш негізгі міндеттерді шешуге:

- кез келген экономикалық конъюнктура кезінде қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындауға;

- 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру шеңберінде жеті басым реформаны орындауға;

- Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруға бағытталған.

Заң жобасын Парламент Мәжілісінде талқылау барысында өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде Мемлекет басшысының Жолдауындағы

іс-шараларды қаржылық қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Атап айтқанда, Түркістан облысының бюджетінен Шымкент қаласының бюджетіне нысаналы трансферт арқылы жіберілген алып қою нәтижесінде 2019 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс сомасы 19,2 млрд. теңгеге ұлғайды.

2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстары тұтастай алғанда 971,1 млрд. теңгеге, оның ішінде 2019 жылы 342,3 млрд. теңгеге қайта бөлінде.

Осылайша, Парламент Мәжілісі мақұлдағаннан кейін «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында **2019 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістер болжамы (трансферттердің түсімін ескермегенде) 6 809,7 млрд. теңге сомасында** айқындалды, бұл 878,7 млрд. теңгеден асып, ағымдағы жылдың бағалауына 114,8 %-ды құрайды.

2020 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістер болжамы (трансферттердің түсімін ескермегенде) **7 382,0 млрд. теңге**, 2021 жылға – **8 024,7 млрд. теңге** сомасында айқындалды.

**Трансферттер түсімі** 2019 жылға **2 843,9 млрд. теңге**, 2020 жылға – **2 602,7 млрд. теңге**, 2021 жылға – **2 315,1 млрд. теңге** сомасында көзделеді. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт сомасы 2019 жылы 2,45 трлн.теңгені, 2020 жылы – 2,3 трлн.теңгені, 2021 жылы – 2,0 трлн.теңгені құрайды.

**Бюджеттік кредиттерді өтеу** бойынша болжам 2019 жылға **116,8 млрд. теңге**, 2020 жылға – **98,4 млрд. теңге**, 2021 жылға – **151,4 млрд. теңге** сомасында айқындалды.

**Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемі** 2019 жылға **10 715,9 млрд. теңге**, 2020 жылға – **11 080,8 млрд. теңге**, 2021 жылға – **11 427,9 млрд. теңге** сомасында жоспарланып отыр.

Үшжылдық бюджет жобасында жалпы сомасы **2 403,1 млрд. теңге**, оның ішінде **2019 жылға – 817,1 млрд. теңге**, **2020 жылға – 827,5 млрд. теңге** және **2021 жылға – 758,5 млрд. теңге** сомасына Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында берілген тапсырмаларды іске асыруға шығыстар көзделген.

Олардың ішінде Президенттің ағымдағы жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруға **943,4 млрд. теңге**, оның ішінде **2019 жылға – 327,1 млрд. теңге**, **2020 және 2021 жылдарға тиісінше 340,5 және 275,8 млрд. теңге** берілетін болады.

Үшжылдық бюджет шеңберінде **жалпы мемлекеттік шығыстарға** 7 820,0 млрд. теңге, оның ішінде на 2019 жылға – 2 369,0 млрд. теңге, 2020 жылға – 2 583,8 млрд. теңге, 2021 жылға – 2 867,2 млрд. теңге көзделген.

Дәстүрлі түрде бюджет шығыстарының анағұрлым көп үлес салмағын **әлеуметтік саланың шығыстары** құрайды.

2019 жылы 4 827,0 млрд. теңге немесе барлық шығыстардың 45,0 %-ы көзделген, бұл ретте осы бағыттың үлесі ұлғая түседі және 2020 жылы 47,7 %-ды немесе 5 282,4 млрд. теңгені, 2021 жылы 49,1 %-ды немесе 5 607,0 млрд. теңгені құрайды. Осылайша, 2019 – 2021 жылдар ішінде республикалық бюджет әлеуметтік бағдарланған бюджет болып қала береді.

Осы бағыт бойынша шығыстардың негізгі көлемі **әлеуметтік қамсыздандыруға және еліміздің азаматтарына әлеуметтік көмек көрсетуге** тиесілі болады, ол үшін 2019 жылға 3 043,7 млрд. теңге, 2020 жылға – 3 232,4 млрд. теңге және 2021 жылға – 3 430,8 млрд. теңге жоспарланды.

Осы бағыт бойынша шығыстардың өсуі зейнетақы мен жәрдемақы көлемдерінің инфляция деңгейіне пропорционалды индекстелуіне, сондай-ақ 2018 жылғы 1 шілдеден бастап базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау тәртібінің өзгеруіне байланысты болады.

Бұдан басқа, Президент Жолдауының тапсырмаларын іске асыру үшін **77,8 млрд. теңге** ең төмен жалақы мөлшерін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 42 500 теңгеге дейін немесе ағымдағы жылдың деңгейіне қарағанда 1,5 есеге арттыру көзделеді.

**Білім беру және ғылым** жүйесін дамытуға бюджет жобасында 2019-2021 жылдарға 2 031,0 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылға – 583,5 млрд. теңге, 2020 жылға – 685,6 млрд. теңге, 2021 жылы – 761,9 млрд. теңге көзделген.

2019 жылы білім саласы бюджетінің негізгі шығыстары экономика салалары үшін техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар білікті мамандарды даярлауға, мұғалімдердің жалақысын көтеруге бағытталады.

Оқушылар орны тапшылығын, сондай-ақ үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептерді жою мақсатында жаңа мектептер салу жалғасатын болады. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында үшжылдық кезеңде студенттер үшін 45 мың орынға, оның ішінде 2019 жылы – 5 мың орынға арналған жаңа жатақханалар салу көзделген.

Ғылымды дамытуға алдағы үш жылда 118,9 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 42,7 млрд. теңге, 2020 жылы – 42,6 млрд. теңге және 2021 жылы – 33,6 млрд. теңге көзделген.

**Денсаулық сақтау** жүйесіне 2019 – 2021 жылдары жұмсалатын шығыстар 3 745,1 млрд. теңгені, оның ішінде 2019 жылы – 1 118,1 млрд. теңгені, 2020 жылы – 1 287,1 млрд. теңгені, 2021 жылы – 1 339,9 млрд. теңгені құрайды.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап халықтың барлық санаттарын медициналық көмектің негізгі түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің топтамасы арттырылатын болады.

2019 – 2021 жылдарға арналған тегін медициналық көмектің кепілді көлемі **2 751,2 млрд. теңгені**, оның ішінде 2019 жылы – **981,3 млрд. теңгені** құрайды.

Осы шығыстардың шеңберінде Алматы, Қызылорда облыстарында, сондай-ақ Павлодар қаласында медициналық мекемелердің құрылысын аяқтау көзделіп отыр.

**Мәдениет пен спортты** дамытуға арналған шығыстар 2019 – 2021 жылдары 221,5 млрд. теңгені, оның ішінде 2019 жылы – 77,7 млрд. теңгені, 2020 жылы – 73,3 млрд. теңгені, 2021 жылы – 70,5 млрд. теңгені құрайды.

Осы қаражаттардың шеңберінде қоғамдық сананы жаңғырту, театрлардың, мұражайлардың, кітапханалар мен архивтердің жұмыс істеуін жақсарту, спортты дамытуды қолдау, кадрларды даярлау, туризмді дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көзделген.

Экономиканың **нақты секторын қолдау мен дамытуға** арналған шығыстар экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету саясатын іске асырумен, технологиялық жаңартумен және цифрландырумен байланысты болып отыр.

Осы бағыт бойынша үшжылдық кезеңге 4 641,3 млрд. теңге көзделген, оның ішінде 2019 жылға 1 846,2 млрд. теңге, 2020 жылға – 1 490,2 млрд. теңге, 2021 жылға – 1 304,9 млрд. теңге көзделген.

Осы бағыт шеңберінде **«Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын** іске асыруды жалғастыруға 1 527,9 млрд. теңге сомасындағы шығыстар, оның ішінде 2019 жылға – 558,4 млрд. теңге, 2020 жылға – 497,5 млрд. теңге, 2021 жылға – 472,0 млрд. теңге көзделген.

Бұл шығыстар хаб қағидаты негізінде елдің макроөңірлерін интеграциялау арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыруға, көлік инфрақұрылымын халықаралық көлік жүйесіне интеграциялауға бағытталатын болады.

**«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын** іске асыруға үшжылдық кезеңге 261,5 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылға – 145,1 млрд. теңге, 2020 жылға – 71,0 млрд. теңге, 2021 жылға – 45,4 млрд. теңге көзделген.

Осы бағдарлама бойынша қаражат жергілікті атқарушы органдардың халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары үшін сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үйлерді салуына бағытталады. Тұрғын үйлерге және көп пәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жеткізу жобаларын іске асыру жалғасады. «ТҚЖБ» АҚ салымшыларына төмендетілген пайыздық мөлшерлеме бойынша алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру және құрылыс салушылардың кредиттері бойынша және ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесі бөлігін субсидиялау жүзеге асырылатын болады.

**Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға** үшжылдық кезеңде



735,8 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 250,0 млрд. теңге, 2020 жылы – 247,6 млрд. теңге, 2021 жылы – 238,2 млрд. теңге көзделген.

**Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын** іске асыруға жалпы сомасы 329,5 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 147,0 млрд. теңге, 2020 жылы – 126,0 млрд. теңге, 2021 жылы – 56,0 млрд. теңге шығыстар көзделген.

Бұл қаражаттар ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруға, индустрияландырудың жаңа жобаларын қаржыландыруға, шикізаттық емес экспортты қолдауға, кредиттеуге, сондай-ақ инвестициялар тартуға және өндеу өнеркәсібінің 6 басым саласындағы инновацияларды дамытуға бағытталатын болады.

**Өңірлерді дамыту бағдарламасын** іске асыруға үшжылдық кезеңге 266,4 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 155,1 млрд. теңге, 2020 жылы – 71,1 млрд. теңге, 2021 жылы – 40,2 млрд. теңге көзделген.

Бұл бағыт бойынша ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға, сондай-ақ қалаларда сумен жабдықтауға және су бұруға қаражат көзделген.

**«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы** шеңберінде үш жылға 111,8 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 39,9 млрд. теңге, 2020 жылы – 38,0 млрд. теңге және 2021 жылы – 33,9 млрд. теңге бөлу жоспарлануда.

Осы қаражат кәсіпкерлерді қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларына, сондай-ақ өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамытуға бағытталатын болады.

Алдағы кезеңде **Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы** шеңберінде жұмыс жалғасатын болады, оған 205 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 67,7 млрд. теңге, 2020 жылы – 76,3 млрд. теңге және 2021 жылы – 76,9 млрд. теңге бағытталатын болады.

**Жылу-электрэнергетикасын** дамытуға үш жыл ішінде 96,9 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 41,8 млрд. теңге, 2020 жылы – 40,1 млрд. теңге және 2021 жылы – 15,0 млрд. теңге бағыттау жоспарлануда.

**Газ-көлік тасымалдау жүйесін** дамытуға үш жыл ішінде 52,3 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 44 жобаны іске асыру үшін 16,1 млрд. теңге бөлу жоспарланған, олардың 14-і – жалғастырылып жатқан және 30-ы – жаңа жоба. 2020 жылы - 18,7 млрд. теңге, 2021 жылы – 17,5 млрд. теңге. Бұл қаражат Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан және Алматы облыстарындағы елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2019 – 2021 жылдары **«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын** іске асыруға жалпы сомасы 32,2 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 16,9 млрд. теңге, 2020 жылы – 15,1 млрд. теңге және 2021 жылы 153,0 млн. теңге қаражат бөлу жоспарланған.

Бұл қаражат цифрлық теледидарды ендіру мен дамытуға, «электрондық үкімет» платформасын дамытуға, Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті үйлестіру орталығын құруға бағытталады.

**Мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін** қамтамасыз етуге, құқықтық тәртіпті сақтауға және ішкі тұрақтылықты ұстап тұруға үшжылдық кезеңге 3886,3 млрд. теңге көзделген, оның ішінде 2019 жылға – 1 266,1 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге шаққанда 2,0 %, 2020 жылға 1 324,1 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,9 %, 2021 жылға – 1 296,1 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,7 % көзделген.

2019 жылы республикалық бюджет **тапшылығы** 945,4 млрд. теңге мөлшерінде белгіленді, бұл ЖІӨ-ге шаққанда 1,5 %-ды құрайды, 2020 жылы – 997,7 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,4 %-ды, 2021 жылы – 936,7 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,3 %-ды құрайды.

2019 жылға **Ұлттық қорға түсетін түсімдер болжамы** мұнайды өндіру көлемі 88,0 млн. тонна, мұнайдың әлемдік бағасы 1 баррельге 60 доллар және теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 350 теңге болуы ескеріле отырып есептелген.

Мұнай секторы бойынша тікелей салық түсімдерінің және басқа да төлемдердің көлемі **2 412,2 млрд. теңге** сомасында немесе ағымдағы жылғы бағалауға қарағанда 241,1 млрд. теңгеге азая отырып болжанады.

Заң жобасын талқылау барысында Сенаттың комитеттері мен депутаттарынан заң жобасына мемлекеттің тыныс-тіршілігінің түрлі салаларына қатысты өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар келіп түсті.

Келіп түскен ұсыныстар салыстырма кестеге жинақталды.

2019 – 2023 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің нақтылануына байланысты үшжылдық бюджетке жоспарланатын түсімдердің сомасы 70,3 млрд. теңгеге, оның ішінде 2019 жылы – 22,4 млрд. теңгеге азайды. Сондай-ақ бюджеттік кредиттерді өтеудің жоспарланатын сомасы 2019 жылы 0,2 млрд. теңгеге ұлғайды. Сонымен қатар бюджет тапшылығының сомасы 33,6 млрд. теңгеге ұлғая түсті.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің нақтылануы ұлттық қорға түсімдердің болжалды сомасының өзгеруіне ықпал етті. Мұнай бағасының 1 баррелі 60 АҚШ долларынан 55 АҚШ долларына дейін күтілетін төмендеуі есебінен 2019 жылы түсімдердің 137,7 млрд. теңгеге азаюы күтілуде.

Шығыстарды ұлғайту жөніндегі ұсыныстардың тұтастай алғанда 150,6 млрд. теңгесі, оның ішінде 2019 жылы 50,5 млрд. теңгесі қолдау тапты.

Шығыстарды ұлғайтуды қаржыландыру Үкімет резервінің бастапқы жоспарланған сомасын 37,4 млрд. теңгеге, облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен трансферттік түсімдерді 2019 жылы 1,3 млрд. теңге сомасына азайту, 2020 – 2021 жылдардағы жаңа бастамаларға шығыстарды 70,1 млрд. теңге сомасына азайту есебінен жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ағымдағы

жылғы 19 қарашада сот жүйесін жаңғырту және ішкі істер органдары қызметі мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмаларын орындау үшін қарастырылып отырған республикалық бюджет жобасында 123, 8 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылға 34,1 млрд. теңге сомасында қосымша қаражат көзделген.

Бұдан басқа, депутаттардың ұсыныстары мынадай бағыттарды қаржыландыру мәселелерін көздейді:

- Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарын газдандыруға жалпы сомасы 7,8 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылға – 3,8 млрд. теңге;

- Ақмола, Павлодар, Қостанай, Жамбыл, Түркістан облыстарының ауылдық елді мекендерін сумен жабдықтауға жалпы сомасы 5,9 млрд. теңге, оның ішінде 2019 жылы – 3,7 млрд. теңге;

- Ұлттық ұланның авиация базасын салуды жалғастыруға 2019 жылы сомасы 1,3 млрд. теңге;

- Павлодар облысының Баянауыл ауданын электрмен жабдықтауға 2019 жылы сомасы 1,1 млрд. теңге;

- «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыруға және «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының бюджетін ұлғайту бойынша қосымша жобаларды қаржыландыруға үшжылдық кезеңде жалпы алғанда 2,2 млрд. теңге;

- сот жүйесін жаңғыртуға және Шекара қызметінің объектілерін күрделі жөндеуге үшжылдық кезеңде жалпы алғанда 1,9 млрд. теңге;

- Ақтөбе қаласында «Нұрлы Жер» бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды өткізуге жалпы 1,8 млрд. теңге;

- Атырау қаласында кәріз-тазарту құрылысжайларын салуға жалпы алғанда 1,0 млрд. теңге;

- Орал қаласында дарынды балаларға арналған интернаты бар спорт кешенін салуға жалпы алғанда 0,75 млрд. теңге;

- Алматы облысы Текелі қаласында жылу желілерін реконструкциялауға жалпы алғанда 0,3 млрд. теңге.

Заң жобасы 2018 жылы 26 қарашада түзетулер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 28 қарашада Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 30 қарашада № 197-VI ҚРЗ қол қойды.

**5. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы**

## **ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Ғ. Дүйсембаев.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім және оған Хаттама 2017 жылғы 29 қыркүйекте Астанада жасалған.

Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Хорватия Республикасы арасында инвестиция үшін қолайлы жағдайларды құру арқылы экономикалық ынтымақтастықты нығайту мен кеңейту болып табылады.

Келісім екіжақты халықаралық шарт болып табылады және қосарланған салық салуды жою мақсатында жасалған. Уағдаласушы Мемлекеттің әрқайсысы салық төлеушіге Уағдаласушы Мемлекеттің бірінде салықты бір рет төлеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Екінші мемлекет оған салықтың төленген сомасын есепке алу мүмкіндігін береді немесе екінші мемлекетте салық салу жүргізілген жиынтық табыстан алынатын сол бөлікті алып тастайды.

Келісімде дивидендтер, пайыздар мен роялтилер табыс пайда болатын мемлекетте төмендетілген мөлшерлеме бойынша салық салынуы мүмкін болатын ереже көзделген.

Осы Келісімге Хаттама айыппұлдар мен салық жинауға көмектесуге қатысты қосымша ережелерді көздейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 2) тармақшасына сәйкес Келісім мен Хаттама ратификациялауға жатады.

Заң 2018 жылы 27 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 8 қаңтарда № 214 -VI ҚРЗ қол қойды.

## **6. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстанға тікелей инвестициялар салуды жүзеге асыратын Қытай-Қазақстан өндірістік қуаттарының ынтымақтастығы қоры кірісінің жекелеген түрлерін салық салудан босату туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстанға тікелей инвестициялар салуды жүзеге асыратын Қытай-Қазақстан өндірістік қуаттарының ынтымақтастығы қоры кірісінің жекелеген түрлерін салық салудан босату туралы келісім 2017 жылғы 8 маусымда Астанада жасалды.

Индустрияландыру және инвестиция саласындағы Қазақстан-Қытай бағдарламасын іске асыруды қолдау мақсатында Келісімде дивидендтер түріндегі Қор кірістерін салық салудан босату көзделген.

Дивидендтер түріндегі Қор кірісін салық салудан босату Қордың

Жобаларға тікелей қатысуына қатысты ғана қолданылады. Қордың Жобаларға тікелей қатыспауына қатысты салық салудан босату Қордың басқа компаниялар капиталына қатысу үлесі шегінде ғана көзделеді. Бұл ретте мұндай компаниялар тізімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітіледі.

Осы Келісім қолданылып жүрген басқа салықтарға қолданылмайды.

Бұдан басқа, Келісім Қытай аумағында осындай бірлескен Қорды ұйымдастыру кезінде дивидендтерге қатысты осыған ұқсас салықтық жеңілдіктер беруді көздейді.

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап Тараптардың бірі екінші Тарапты дипломатиялық арналар бойынша алдын ала жазбаша хабардар ету арқылы оның қолданысын тоқтата алатын уақытқа дейін кемінде 10 жыл кезеңде күшінде қалады. Бұл жағдайда Келісім екінші Тарап жазбаша хабарлама алған күннен бастап 6 ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 27 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 8 қаңтарда № 216 -VI ҚРЗ қол қойды.

## **7. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019 – 2021 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Осы заң жобасымен Ұлттық қордан 2019 жылға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт мөлшері 2 700 млрд. теңге сомасында белгіленген.

2019 жылы кепілдендірілген трансферт есебінен республикалық бюджет шығыстарының 23%-ы қаржыландырылады және оның белгіленген мөлшері тиісті қаржы жылының аяғында Ұлттық қордағы төмендетілмейтін қаражат қалдығы бойынша шарттың орындалуын ЖІӨ-нің болжанған мәнінің 30 пайызы мөлшерінде қамтамасыз етеді.

Заң 2019 жылы 4 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 13 сәуірде № 245-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

«2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2019 – 2023 жылдарға арналған нақтыланған макроэкономикалық көрсеткіштердің негізінде әзірленген және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде айтқан тапсырмаларын, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» 2019 жылғы 25 ақпандағы № 848 Жарлығын іске асыруға, сондай-ақ қабылданған міндеттемелердің іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлемдегі ағымдағы ахуалды, сыртқы нарықтардағы конъюнктураны және 2018 жылғы экономикалық даму қорытындыларын ескере отырып, 2019 – 2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының шеңберінде 2019 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы нақтыланды.

Мәселен, негізгі сценарийде мұнай бағасы 2019 жылы барреліне 55 АҚШ доллары деңгейінде сақталған.

Номиналды ІЖӨ 2019 жылы 64 335,0 млрд. теңге көлемінде бағаланып отыр, бұл 2018 жылдың қарашасында мақұлданған көрсеткішке қарағанда 323,5 млрд. теңгеге жоғары. Адам басына шаққандағы ІЖӨ 9 409,2 АҚШ долларын құрайды. ІЖӨ-нің нақты өсімі 3,8% деңгейінде сақталған.

Ауыл шаруашылығының (106,2%), сауда-саттықтың (104,3%), көлік пен қоймаға жинаудың (103,8%), құрылыстың (103,7%) өсу болжамы бұрынғы деңгейде сақталып отыр.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі бойынша болжамның 2,2 пайыздық пунктке 100,0%-ға дейін төмендеуіне байланысты өнеркәсіптің күтілетін өсімі 1,2 пайыздық пунктке 101,6%-ға төмендеген. Өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 0,1 пайыздық пунктке арту жағына қарай 103,9%-ға дейін қайта қаралған.

Экспорт бойынша болжам 0,3 млрд. АҚШ долларына 54,4 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайтылған, импорт көлемі бұрынғы деңгейде – 32,9 млрд. АҚШ доллары болып сақталған.

Ұлттық Банк жылдық инфляцияның нысаналы дәлізін бұрын жоспарланған 4 – 6% шегінде сақтап отыр.

2019 жылға арналған республикалық бюджет кірістерінің (трансферттердің түсімі ескерілмеген) болжамы 200,4 млрд. теңгеге ұлғайтыла отырып, 6 986,3 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Салықтық түсімдер бойынша болжам тұтастай алғанда 6 859,6 млрд. теңге сомасында, салықтық емес түсімдер бойынша – 119,8 млрд. теңге сомасында айқындалған.

2019 жылға арналған трансферттер түсімі 621,0 млрд. теңгеге ұлғайтыла отырып, жалпы алғанда 3 466,1 млрд. теңге сомасында көзделіп отыр.

Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес шешімінің негізінде Ұлттық

қордан 2019 жылға арналған кепілдендірілген трансферттің мөлшері 250,0 млрд. теңге сомасына ұлғайтылған.

Сондай-ақ тікелей инвестициялар қорын құру үшін Ұлттық қордан 370,0 млрд. теңге мөлшеріндегі нысаналы трансферт көзделген.

Бюджет кодексіне сәйкес республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан 978,7 млн. теңге сомасында бөлінген, пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару ескерілген.

Бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша 2019 жылға арналған болжам 116,0 млрд. теңге сомасында немесе 0,9 млрд. теңгеге азайтылып айқындалған.

2019 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары түзету жасалған бюджеттен 1 168,0 млрд. теңгеге ұлғайтыла отырып, 11 895,1 млрд. теңге сомасында көзделеді.

Көрсетілген ұлғайтуды, сондай-ақ қаражатты қайта бөлуді ескере отырып, республикалық бюджет шығыстары:

- 444,3 млрд. теңге сомасында «Әлеуметтік қамқорлық» атты жаңа әлеуметтік шараларды;

- 370,0 млрд. теңге сомасында тікелей инвестициялар қорын құру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 829 Жарлығын;

- 24,6 млрд. теңге сомасында «Жастар жылы» шеңберіндегі іс-шараларды;

- өңірлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шараларды;

- еліміздің бұрын қабылдаған міндеттемелерін іске асыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін 67,8 млрд. теңге сомасында немесе 9,1 млрд. теңгеге азайтып белгілеу ұсынылады.

2019 жылға арналған республикалық бюджет тапшылығы 347,6 млрд. теңгеге ұлғайтылып, 1 326,6 млрд. теңгені немесе ІЖӨ-ге шаққанда 2,1%-ды құраған.

2019 жылға арналған республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы 987,9 млрд. теңге сомасына ұлғайтылып, 5 407,6 млрд. теңге сомасында немесе ІЖӨ-ге шаққанда 8,4% болып айқындалған.

2019 жылға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдердің нақтыланған болжамы 89,0 млн. тонна мұнай өндіру көлемін, барреліне 55 АҚШ доллары болып белгіленген мұнайдың әлемдік бағасын және 1 АҚШ доллары 370 теңгені құрайтын теңге бағамын негізге алып есептелген.

Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемі жоспардан 325,4 млрд. теңгеге ұлғайтыла отырып, 2 601,9 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Сонымен бірге, ағымдағы жылдың 20 наурызында өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында маңызды шешімдер қабылданып, Қазақстан Республикасының Президенті осы заң жобасына:

- астанамыздың атауын Нұр-Сұлтан қаласы деп өзгерту;
- жаңа мемлекеттік органды – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесін құру;
- бюджет саласының жалақысы төмен жұмыскерлерінің және атқарушы органдардың санаттары төмен мемлекеттік қызметшілерінің жалақысын арттыру мерзімін ағымдағы жылдың 1 шілдесінен 1 маусымына ауыстыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін бірқатар тапсырмалар берді.

Аталған тапсырмаларды іске асыру үшін 38,0 млрд. теңге қажет болады, оларды республикалық бюджет тапшылығының есебінен оның номиналды мәнін ұлғайта отырып және ІЖӨ-ге қатысты мөлшерін 2,1% деңгейінде сақтай отырып көздеу ұсынылады.

Заң жобасы 2019 жылы 4 сәуірде толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2019 жылы 10 сәуірде Мәжіліс толықтырулар мен өзгерістерді мақұлдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 13 сәуірде № 246-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасының жеңілдікті кредит беруі туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Шелпеков.

Қазақстан Республикасы Заңының жобасын комитеттің 2019 жылғы 8 сәуірдегі кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі өкілдерінің, Сенаттың басқа комитеттері депутаттарының және Аппарат қызметкерлерінің қатысуымен қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қытай Халық Республикасының жеңілдікті кредит беруі туралы негіздемелік келісім 2018 жылғы 7 маусымда Бейжіңде жасалды.

Негіздемелік келісімге сәйкес тараптар Қытайдың Экспорттық-импорттық банкі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі арқылы бес жыл жеңілдікті мерзімді қоса алғанда 20 жыл мерзімге 2% жылдық пайыздық мөлшерлеменен жалпы сомасы 2,062 млрд. қытай юанынан аспайтын жеңілдікті кредит беретіні туралы уағдаласты. Кредит «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының Қазақстандық учаскесінде орналасқан өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық толық жарақтандыру» жобасын іске асыруға арналған.

Бұдан басқа, Негіздемелік келісімде Қытай Халық Республикасының Үкіметі тікелей кредиторға төлейтін кредит бойынша пайыздарды



субсидиялауға арналған шығыстар туралы ереже көзделген. Бұл ереже кредит бойынша берілетін 2% жылдық пайыздық мөлшерлеме банктің шығындарын жаппайтынымен негізделіп отыр. Субсидиялаудың барлық шарттары мен мөлшерлемелерін Қытай Халық Республикасының Үкіметі және Экспорттық-импорттық банкі өз араларында, Кредитор мен қарыз алушы арасындағы негіздемелік келісімді қозғамай қарайды.

Тұтастай алғанда, жеңілдікті кредит тоғыз автомобиль және бір теміржол өткізу пунктін жаңғырту бөлігінде жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, тиісті жабдықты беруге, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, сондай-ақ инженерлік желілерді тарту жұмыстарын жүргізуге бағытталатын болады. Нәтижесінде кедендік шекарада кедендік бақылауды ақпараттық қамтамасыз етуге қол жеткізіледі.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының б) тармақшасына сәйкес осы Негіздемелік келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 18 мамырда № 257-VI ҚРЗ қол қойды.

## **10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Плотников.

Заң жобасының негізгі мақсаты қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын бөлу, тұтынушыларға кредит беру тәуекелдерін шектеу бойынша тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу, жалпыға бірдей декларациялауды ендіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін өсімпұлды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық енгізу болып табылады.

*Қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын бөлуге* қатысты заң жобасында қаржы нарығын реттеу мен дамыту, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау функцияларын Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін әрі республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі жеке уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) беру көзделген.

Уәкілетті органның құқықтық мәртебесі, құрылымы және басқару органдары айқындалды, оның функциялары нақтыланды және толықтырылды. Заң жобасымен уәкілетті органның жұмыскерлері лауазымдарының құрамы, олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі айқындалды. Сонымен қатар уәкілетті орган қызметшілерінің мәртебесі айқындалды, оған сәйкес олар Ұлттық Банктің қызметшілері

іспетті мемлекеттік қызметшілерге жатпайды.

Уәкілетті органға қаржы нарығын реттеу мен дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау функциялары беріледі, оның қатарына микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды тіркеу және есепке алу, қаржы ұйымдарына қатысты ерекше реттеу режимін енгізу, екінші деңгейдегі банктерді сауықтыру жөніндегі шараларды іске асыру, жеке тұлғалардың ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және ипотекалық қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру функциялары, сондай-ақ қаржы нарығының ақпараттық қауіпсіздігі орталығының функциялары кіреді.

Ұлттық Банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етуді, ақша-кредит саясатын, валюталық реттеуді және төлем жүйелерін дамытуды жүзеге асырады.

Заң жобасы Қаржылық тұрақтылық кеңесін құруды көздейді, ол қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын болады. Уәкілетті органның Ұлттық Банспен қаржылық жүйенің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзара іс-қимылы көзделген.

***Тұтынушыларға кредит беру тәуекелдерін шектеуге*** қатысты заң жобасымен кредит берудің барлық субъектілеріне қатысты реттеу және қадағалау құралдары енгізіледі.

«Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар» деген ұғым енгізіледі, микроқаржылық қызмет түрлері айқындалады.

Микрокредит беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын микроқаржылық ұйымдар қарыз тартуға, меншікті активтерін бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялауға, лизингтік қызметті және өзге де операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

Жеке тұлғаға банктік қарыз берумен және берілген банктік қарызға қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер тізбесін уәкілетті орган бекітетін болады.

***Жалпыға бірдей декларациялауды ендіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін өсімпұлды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық енгізуге*** қатысты.

Заң жобасында жалпыға бірдей декларациялау кезең-кезеңмен ендірілетіні айқындалып, оның ендірілу мерзімін тоқтата тұру көзделеді.

Бірінші кезеңде жалпыға бірдей декларациялаудың енгізілуін 2020 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 1 қаңтарға ауыстыру ұсынылады. Осы кезеңде декларациялауға жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес декларация тапсыру жөніндегі міндет жүктелген адамдар жататын болады.

Екінші кезеңде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен олардың жұбайларын (зайыптарын), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайларын (зайыптарын) бастапқы декларациялау көзделеді.

Үшінші кезеңде 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшыларын және олардың жұбайларын (зайыптарын), жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайларын (зайыптарын) бастапқы декларациялау көзделеді.

Төртінші кезеңде 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап халықтың барлық санаттарын жалпыға бірдей декларациялауға толығымен көшу қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, жеке тұлғалар 2019 жылдың соңына дейін негізгі борышын өтеген жағдайда, 2019 жылдың 1 қаңтарына дейінгі салықтық кезеңнің салықтың міндеттемелері бойынша олардың өсімпұлдарын есептен шығару көзделеді. Бұл ретте мүлік салығы мен жер салығы бойынша өсімпұлдарды төлеу мерзімі 2019 жылғы 1 қазанға дейін екенін ескере отырып, 2018 жылдың 1 қаңтарына дейінгі салықтық кезеңнің міндеттемелері бойынша есептен шығару ұсынылады.

Заң 2019 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **11. «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат О. Перепечина.

Заң жобасы «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жыл 26 маусымдағы № 34 Жарлығын орындау, мемлекет басшысының Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру, сондай-ақ қабылданған міндеттемелердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында дайындалған.

2019 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі параметрлері өзгеріссіз қалады:

кірістер – (трансферттерді есептегенде) - 6 986,4 млрд. теңге;

шығыстар – 11 933,2 млрд. теңге;

тапшылық – 1 364,6 млрд. теңге тапшылық немесе ЖІӨ-ге 2,1%.

Мемлекет Басшысының тапсырмасын жүзеге асыруды қаржылық қамтамасыз ету «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 829 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт түрінде бөлінген қаражаттың бір бөлігін қайта бөлу есебінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен жүзеге асырылатын болады.

Заң 2019 жылы 4 шілдеде Сенат отырысында қабылданды.



## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ**

### **1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұқашев.

Келісім 2017 жылғы 1 қарашада Астанада жасалды.

Келісім Қазақстан мен Иордания үкіметтерінің құзыретті органдарының азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығының құқықтық негіздерін белгілеуге бағытталған.

Келісімде төтенше жағдайларды жою кезінде өзара көмек көрсету көзделеді, ынтымақтастықтың нысандары, көмектің түрлері, мемлекеттік шекарадан өту шарттары және мемлекет аумағында болу режимі, құрал-жабдықтар мен құтқару құралдарын әкелу мен әкету, сондай-ақ залалды өтеу тәртібі айқындалады.

Атап айтқанда, ынтымақтастық қоршаған ортаны болжау, алдын алу және бағалау туралы ақпараттармен алмасу, алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі тәжірибемен алмасу, бірлескен конференциялар, семинарлар және жұмыс кеңестерін өткізу, сондай-ақ азаматтық қорғаныс саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Осы Келісімді ратификациялау азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін болады.

Заң 2018 жылы 27 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 11 қазанда № 185-VI ҚРЗ қол қойды.

### **2. «Халықаралық азаматтық авиацияға қатысты заңсыз актілермен күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

«Халықаралық азаматтық авиацияға қатысты заңсыз актілермен күрес туралы конвенциясы» (бұдан әрі – Конвенция) 2010 жылғы 10 қыркүйекте Пекинде жасалды.

Бұл Конвенция азаматтық авиациядағы ұшулардың қауіпсіздігін туындаған бірқатар жаңа қатерлерін қылмысқа жатқызуды, оның ішінде әуе кемелерін терроризм актісін жасау қаруы ретінде, сондай-ақ биологиялық, химиялық және ядролық қаруды және олармен байланысты материалдарды тасымалдау бойынша көліктік құралдар ретінде пайдалануды регламенттейді.

Конвенция азаматтық авиация саласында заңсыз актілер жасаған

тұлғаларға қатысты қылмыстық-жазалау жауаптылығын белгілеуді, туындайтын қатерлерді анықтау үшін ақпаратпен алмасудың тұрақты тетігі шеңберінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ адам құқықтарын қамтамасыз ету және терроризм актілерін жасаудағы күдікті тұлғаларға әділ қарауды көздейді.

Заң жобасы азаматтық авиацияға қарсы бағытталған терроризм актілеріне қарсы күресудің халықаралық шектерін кеңейтеді және күшейтеді. Конвенцияның ережелерін қабылдау БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің терроризмге қарсы іс-қимыл бөлігіндегі талаптарын сақтауға, азаматтық авиация ұшулары қауіпсіздігінің қатерлеріне дұрыс ден қоюға, сондай-ақ елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2018 жылы 25 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 қарашада № 191-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Шекараны шегендеу туралы шартқа 2017 жылғы 25 желтоқсанда Астанада қол қойылды. Шарттың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сызығын шегендеудің құқықтық негіздерін халықаралық-құқықтық бекіту болып табылады.

Шартқа сәйкес Қазақстан, Қырғызстан және Қытай шекараларының түйісу нүктесі шекараның бастапқы нүктесі болып табылады, ал Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан шекараларының түйісу нүктесі шекара сызығының соңғы нүктесі болып табылады.

Шегендеу нәтижелері бойынша мемлекеттік шекараның ұзындығы 1257,07 км құрады. Шекара сызығында 1055 шекаралық бағана (533 – Қазақстан тарапы, 522 – Қырғыз тарапы) орнатылды.

Осы Шарт күшіне енгеннен кейін Тараптар 10 жылда бір рет мемлекеттік шекара сызығының белгіленуіне бірлесіп тексеру жүргізеді.

Тараптардың ешбірі мемлекеттік шекара сызығында осы Шартта айтылмаған, мемлекеттік шекараны белгілейтін шекаралық немесе өзге де белгілерді біржақты тәртіппен орнатпайды. Сонымен қатар әрбір тарап шекаралық белгілерді қорғау жөніндегі шаралар қабылдайды, олардың бүлінуінің, орны ауыстырылуының немесе қирауының алдын алады және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.

Заң 2018 жылы 25 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 қарашада № 189-VI ҚРЗ қол қойды.

**4. «Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің ауданы туралы шартты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Құл-Мұхаммед.

Шартқа 2017 жылғы 10 қарашада Самарқандта Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасында үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің ауданы туралы қол қойылған және қазақ, түрікмен, өзбек және орыс тілдерінде жасалған.

Шарттың негізгі мақсаты – үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерін айқындау және түйісу нүктесі ауданындағы мемлекеттік шекараларды делимитациялау.

Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, үш мемлекеттің шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерінің және түйісу нүктесі ауданының мемлекеттік шекаралар сызықтары өтуінің сипаттамасын жасады.

Осы Шартты қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын ресімдеудің халықаралық-құқықтық процесін аяқтауға, үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі ауданындағы аумақтық даулардың туындауы үшін ықтимал алғышарттарды болдырмауға жағдай жасайтын болады.

Заң 2018 жылы 25 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 қарашада № 190-VI ҚРЗ қол қойды.

**5. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы Уақытша күштеріндегі (БҰҰЛУК) үндістандық батальон құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті бірлесіп өрістету тәртібі туралы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұқашев.

Меморандум 2018 жылғы 21 тамызда Астанада жасалған.

Меморандум Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы Уақытша күштеріндегі (БҰҰЛУК) екі мемлекеттің қарулы күштерін бірлесіп өрістетуді, сондай-ақ БҰҰЛУК-тағы үндістандық батальон құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентті өрістетуді, қолбасшылық етуді және басқаруды, қамтамасыз етуді жоспарлау және жүзеге асыру үшін саясатты, рәсімдер мен Тараптар арасындағы уағдаластықтарды айқындауды

көздейді.

Меморандумға сәйкес жетекші мемлекет ретінде Үндістан батальон қолбасшылығын, басқармасы мен штабын, үш атқыштар ротасын, механикаландырылған жаяу әскерлер ротасын, штабтық ротаны және қамтамасыз ету ротасын, жалпы алғанда 730 әскери қызметшіні қамтамасыз етеді. Қолдау көрсететін мемлекет ретінде Қазақстан саны 120 әскери қызметшіден тұратын атқыштар ротасын береді. Бірлескен батальонның жалпы саны 850 адамды құрайды.

Қазақстандық бітімгершілік контингент өзінің жеке қаруымен өрістетіледі. Қазақстандық бітімгершілік контингент жеке құрамының негізгі тобын даярлау Нью-Делидегі БҰҰ-ның Бітімгершілік даярлық орталығында жүргізіледі.

Сонымен бірге, осы Меморандумда қолбасшылық ету мен басқару, даярлау, ротациялау, байланыс құралдарын және ақпараттық жүйелерді қорғау, медициналық және қаржылық қамтамасыз ету мен басқа да мәселелер регламенттеледі.

Заң 2018 жылы 25 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 29 қазанда № 188-VI ҚРЗ қол қойды.

## **6. «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұқашев.

Конвенцияға 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында Бесінші Каспий саммиті барысында Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан Президенттері қол қойды.

Конвенцияның мақсаты суын, су түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстарын және теңіз үстіндегі әуе кеңістігін қоса алғанда, Каспий теңізін пайдалануға қатысты Тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындау және реттеу болып табылады.

Конвенция Каспий теңізінің ұлттық аумақтарының, юрисдикциясының және егемендігінің аражігін бөлуге, жер қойнауын пайдалануға құқықты жүзеге асыруға, транзитке және тасымалдауға, су асты құбыржолдары мен кабельдерін төсеуге, табиғи ортасы мен биологиялық ресурстарын қорғауға байланысты мәселелерді регламенттейді. Каспий теңізі жағалауы мемлекеттерінің қазіргі қыр көрсетулерге және қатерлерге қарсы іс-қимылы, төтенше жағдайлардың, әскери әрекеттің алдын алу және оларды жою тұрғысынан қауіпсіздік мәселелеріне жеке назар аударылды.

Конвенцияға сәйкес Каспий теңізінің теңіз акваториясы әртүрлі режимдері бар аумақтарға бөлінеді. Тараптар ені 15 мильден аспайтын аумақтық суларды белгілейді, бұл ретте олардың сыртқы шекарасы мемлекеттік шекара мәртебесінде болады. Аумақтық суларға он мильдік балық аулау аумағы кіреді, онда әр мемлекеттің кәсіппен айналысуға



айрықша құқығы бар.

Конвенция депозитарий болып табылатын Қазақстан Республикасы бесінші ратификациялау грамотасын алған күннен бастап күшіне енеді.

Заң 2019 жылы 31 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 8 ақпанда № 222-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **7. «Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен немесе халықаралық интеграциялық бірлестіктермен халықаралық шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Келісімге 2018 жылғы 14 мамырда Сочиде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары қол қойған.

Осы Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) кірмейтін елдермен халықаралық шарттарды жасасу, олардың қолданысын тоқтату және тоқтата тұру тәртібін реттейді. Келісімде үшінші елдермен келіссөздер жүргізу рәсімі, келіссөз делегациясы басшысының өкілеттіктері мен міндеттемелері, келіссөз ұстанымын қамтитын және үшінші тарапқа берілетін құжаттардың жобаларын мүше мемлекеттермен міндетті келісу реттелген.

Сонымен қатар Келісімде халықаралық шарттар жобаларына экономикалық интеграция шеңберінен шығатын нормаларды енгізуге жол бермеу мақсатында Одақ пен оған мүше мемлекеттер атынан әрекет ететін келіссөздер жүргізетін топтардың қызметін бақылау тетіктері көзделген.

Одақ атынан халықаралық шартқа қол қою мүше мемлекеттер халықаралық шарт жобасына қатысты тиісті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаннан кейін Жоғары кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Заң 2019 жылы 31 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 11 ақпанда № 225-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **8. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күресті жүзеге асыратын құзыретті органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Құл-Мұхаммед.

Келісімге 2012 жылғы 5 желтоқсанда Ашхабатта Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Армения Республикасы және Молдова Республикасы арасында терроризмге және экстремизмнің өзге де

зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күресті жүзеге асыратын құзыретті органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудегі ынтымақтастық жөнінде қол қойылды.

Келісімнің негізгі мақсаты – терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күресті жүзеге асыратын құзыретті органдарды арнайы техникамен, арнайы құралдармен және қамтамасыз ету материалдарымен жарақтау немесе олар туралы ақпарат жіберу үшін тең әрі жеңілдікті жағдайлар жасау.

Келісімнің шеңберінде тараптар арасындағы ынтымақтастық сатып алу және беру туралы сұрау салуларды орындау арқылы құзыретті органдардың көмегімен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте сұрау салуды орындау мерзімі 30 күннен аспауға тиіс. Сұрау салынатын тарап сұрау салуды толық, уақтылы және сапалы орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Келісімді іске асыруға байланысты шығыстар құзыретті органдарға осы мақсаттар үшін көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Заң 2019 жылы 31 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 8 ақпанда № 224-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасының режимі турал келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Джаксыбеков

Келісімге мемлекеттердің шекара ведомстволары басшыларының деңгейінде 2017 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында қол қойылды.

Келісімнің басты мақсаты құқықтық негізді өзара белгілеу және мемлекеттік шекарада Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қарым-қатынасты реттеу болып табылады.

Мемлекеттік шекара режимі шекарада әрекет ететін ереже мен тәртіпті құрайды мемлекеттік шекараны күтіп ұстау, мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен өзге мүліктерді өткізу; мемлекеттік шекараның үстінен ұшуларды жүзеге асыру, мемлекеттік шекарада, шекаралық белдеулерде, сондай-ақ шекара сулары шегінде шаруашылық және өзге қызметтерді жүргізу (сондай-ақ оларды қолдану) және шекаралық қақтығыстарды шешу.

Келісім мерзімсіз болып табылады. Келісімнің ратификациялануы және күшіне енуі Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасындағы ережені орнатуға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және біздің мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізетін болады.

Заң 2019 жылы 14 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 1 наурызда № 229-VI ҚРЗ қол қойды.

## **10. «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

Заң жобасының мақсаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету және қалыптастыру, орналастыру мен орындау процесінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғаныстық тапсырыстың әлеуетін дамыту болып табылады.

Заң жобасы қорғаныстық өнеркәсіп, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техника айналымының жекелеген мәселелерін реттеуге бағытталған.

Заң жобасында осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың, орындаушылар мен әскери өкілдердің функциялары айқындалған. Тұтастай алғанда мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау тәртібі регламенттелген, оның құрамы мен мазмұны айқындалған.

Сондай-ақ Үкіметтің, уәкілетті органның, орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, қорғаныстық өнеркәсіп және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті ұйымның және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарының құзыреттері бекітілген.

Заң жобасы ғылыми зерттеулерге мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру ерекшеліктерін бекітетін ережелерді, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың басым тәртіппен орындалуға міндеттілігі туралы норманы қамтиды.

Бұдан басқа, қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары, қару-жарақ, әскери техника және пайдаланылмайтын мүлік айналымының ерекшеліктері, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық салалары мен нысандары заңнамалық деңгейде бекітілген.

Заң жобасын талқылау барысында Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

Мәселен, заң жобасының кейбір ережелері Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілерінің нормаларына сәйкес келтіріледі: Үкімет туралы, Бюджет кодексі, Рұқсаттар және хабарламалар туралы, Құқықтық актілер туралы және басқалар.

Заң жобасы 2019 жылы 14 ақпанда толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2019 жылы 20 ақпанда Мәжіліс толықтырулар мен өзгерістерді мақұлдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 18 наурызда № 236-VI ҚРЗ қол қойды.

## **11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

Заң жобасының негізгі мақсаты кейбір заңнамалық актілерді жаңа редакциядағы «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру, сондай-ақ жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау, барлау қызметі, азаматтық қорғаныс, мемлекеттік материалдық резерв, ақпараттық қауіпсіздік салаларындағы және басқа да салалардағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен 4 кодекске және 20 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді. Олардың ішінде негізгілері:

облыстық бюджеттің, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің аумақтық әскерлердің тиісті аумақтық органдарын қамтамасыз етуге және күтіп-ұстауға арналған шығыстарын регламенттейтін нормаларды нақтылауға;

мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қосылған құн салығынан босатуға;

Үкіметтің, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың құзыреттерін нақтылауға;

әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару, сондай-ақ оларды тасымалдау тәртібін айқындауға бағытталады.

Бұдан басқа, заң жобасымен ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін реттейтін нормалар, оның ішінде «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту тәртібін регламенттеу, ақпараттандыру объектілерін құруға немесе дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді.

Сонымен қатар қайшылықтарды, құқықтық олқылықтарды және құқық нормаларының қайталануын жоюға бағытталған тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Заң жобасы 2019 жылы 14 ақпанда толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2019 жылы 20 ақпанда Мәжіліс толықтырулар мен өзгерістерді мақұлдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 18 наурызда № 237-VI ҚРЗ қол қойды.

**12. «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Келісімге Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің Басшылары 2017 жылғы 30 қарашада Минск қаласында қол қойды (бұдан әрі – ҰҚШҰ).

Осы Келісімнің мақсаты ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде өзара іс-қимылды дамыту болып табылады.

Заң жобасы нормаларына сәйкес Тараптар мемлекетаралық ынтымақтастық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту негізінде ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздігі жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді, ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін қалыптастыру және халықаралық құқықтық базаны жетілдіру бойынша бірлесіп күш жұмсайды, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік қатерлеріне бірлескен ден қоюдың практикалық тетіктерін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы сенімді нығайту шараларын дамыта отырып Тараптар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен алмасуды жүзеге асырады, ғылыми-техникалық әзірлемелерді ынталандырады, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің технологиялық негіздерін жетілдіру бойынша келісілген шараларды қабылдайды. Сондай-ақ, осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық барысында берілетін немесе жасалатын ақпараттың қорғалуы көзделеді, оның қолжетімділігі мен таратылуы Тараптардың заңнамасына сәйкес шектелген.

Заң 2019 жылы 21 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 5 наурызда № 234-VI ҚРЗ қол қойды.

**13. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптің қорғаныс салалары ұйымдарының өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұқашев.

Келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі 2017 жылғы 29 қарашада Минск қаласында қол қойған.

Осы Келісім қорғаныс өнеркәсібі саласында Қазақстан мен Беларусь кәсіпорындары арасындағы өзара іс-қимылды реттейді.

Заң жобасы әскери мақсаттағы өнімді (қару-жарак, әскери техника, әскери мақсаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, зияткерлік қызмет нәтижелері және әскери саладағы ғылыми-техникалық ақпарат), сондай-ақ

қосарлы мақсатта қолданылатын тауарларды (азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ өз ерекшеліктері мен қасиеттеріне байланысты жаппай қырып-жою қаруын және өзге де қару түрлерін жасау мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін шикізат, жабдық, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) әзірлеу, жасау, жаңғырту және жөндеу; әскери-техникалық мақсаттағы қызметтерді көрсету; өз мұқтаждықтары үшін әскери мақсаттағы өнімді, сондай-ақ қосарлы мақсатта қолданылатын тауарларды жасау, жаңғырту және жөндеу үшін қажетті өнімді беруді жүзеге асыру мәселелерін регламенттейді.

Келісімнің шеңберінде өнеркәсіптің қорғаныс салалары ұйымдарының экономикалық, өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы үшін берілетін өнімді және әскери-техникалық мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді квоталаудан және лицензиялаудан босату сияқты қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін болады.

Келісімде Тараптардың уәкілетті құзырлы органдары айқындалған, Келісімнің шеңберінде берілген немесе құрылған зияткерлік меншікті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар белгіленген, Тараптар беретін өнімнің сапасын бақылау және оны қабылдап алу мәселелері реттелген.

Заң 2019 жылы 21 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 5 наурызда № 235-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **14. «1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

Хаттамаға 2016 жылғы 26 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында қол қойылған.

Осы Хаттаманың мәні Байқоңыр қаласында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тізбесіне Қазақстан Республикасының 10 мемлекеттік органының бөлімшелерін қосымша енгізу болып табылады. Осылайша, Байқоңыр қаласында Қазақстан Республикасының 18 мемлекеттік органы жұмыс істейтін болады.

Атап айтқанда, «Байқоңыр» кешені жалға берілген кезеңде Байқоңыр қаласында жұмыс істеп тұрған мемлекеттік органдардың тізбесі Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің бөлімшелері сияқты органдармен және басқаларымен толықтырылды.

Хаттаманың күшіне енуі «Байқоңыр» кешені бойынша екі мемлекеттің

арасындағы стратегиялық әріптестікті және екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететін болады және азаматтардың өз конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың тиімділігіне, сондай-ақ «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге оң әсер етеді.

Заң 2019 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 19 сәуірде № 247-VI ҚРЗ қол қойды.

### **15. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Келісімге Астана қаласында 2018 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын және Тәжікстан тарапының әскери-техникалық көмек көрсету жөнінде сұрау салуын іске асыру аясында қол қойылды.

Келісім Тәжікстан тарапына әскери мүліктерді; оқ-дәрілерді, авиациялық зақымдау құралдарын, артиллериялық аспаптарды, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау мүліктерін, тылдық және медициналық мүліктерін бір реттік өтеусіз беруді көздейді.

Келісімнің шарты бойынша біздің Тарап Қазақстан Республикасы Жамбыл облысының «Отар» станциясынан бастап Тәжікстан Республикасы Душанбе қаласының «Рохати» станциясына дейін әскери мүлікті теміржол көлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді және шығыстарды көтереді. Ал Тәжікстан тарапы Тәжікстан Республикасындағы кедендік рәсімдерді ресімдеу шығыстары мен жауапкершілігін, сондай-ақ алынған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеу міндеттемесін өзіне алады.

Тұтастай алғанда Келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қабылдау өңірлік қауіпсіздікті нығайтуда елеулі үлес қосады, Тәжікстан Республикасымен бар өзара достық қарым-қатынастарды және әскери ынтымақтастықты күшейте түседі.

Заң 2019 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 19 сәуірде № 248-VI ҚРЗ қол қойды.

### **16. «Каспий теңізінде тосын оқиғаларды болғызбау туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Джақсыбеков.

Келісім 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында жасалды. Келісімнің басты мақсаты Каспий теңізінде Әзербайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының

және Түрікменстанның қарулы күштері әскери корабльдерінің жүзуінің және әуе кемелерінің ұшуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Келісім Каспий теңізінде, аумақтық сулардан және оның үстіндегі әуе кеңістігінен тыс жерлерде іс-қимыл жасайтын Тараптардың әскери корабльдеріне және әуе кемелеріне қолданылатын болады.

Келісімнің 3-бабына сәйкес Тараптар өз әскери корабльдері командирлерінің 1972 жылғы Теңізде кемелер соқтығысының алдын алудың халықаралық қағидаларын мүлтіксіз сақтауы бойынша шараларды қабылдауы керек.

Тараптардың әскери корабльдері мен әуе кемелері радиобайланысты орнату кезінде ағылшын тіліндегі немесе басқа да қолайлы тілдерде шақыру белгілерін пайдаланады.

Заң 2019 жылы 30 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 13 мамырда № 256-VI ҚРЗ қол қойды.

**17. «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде берілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Қ. Қожамжаров.

2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Келісімге 2017 жылғы 29 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылды.

Келісімнің нысанасы Шарт шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімнің болуын және нысаналы пайдаланылуын бақылауды тараптардың жүзеге асыру тәртібі болып табылады.

Келісімнің ережелеріне сәйкес әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін Тарап әскери мақсаттағы өнімге бақылауды:

- оның болуын және нысаналы пайдаланылуын тексеру;
- оның қарулы күштерде, басқа әскерлерде, әскери құралымдарда, құқық қорғау органдарында және арнайы органдарда мақсатты пайдаланылуын



растайтын қажетті құжаттамаларды салыстырып тексеру;

- жеткізілген өнімді есептен шығарудың негізділігін тексеру мақсатында жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Тарапынан – Қорғаныс министрлігі мен Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ресей Тарапынан Әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі федералдық қызмет Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар болып табылады.

Әскери мақсаттағы өнім жеткізілетін Тараптың уәкілетті органы бақылау мақсатында құрылған тиісті топты қабылдаудан бас тартуға құқылы емес және оның бақылауды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

Бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы 2004 жылғы 7 шілдедегі құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімнің ережелері ескеріле отырып және әскери мақсаттағы өнім жеткізілетін Тараптың режимдік талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

Осы Келісімді ратификациялау кәдімгі қару-жарақтың халықаралық саудасына бақылау орнату және оны күшейту, сондай-ақ оның заңсыз қайта бағытталуы мен астыртын айналымының жолын кесу арқылы халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға жәрдемдесетін болады.

Заң 2019 жылы 30 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 13 мамырда № 255-VI ҚРЗ қол қойды.

### **18. «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Нұрсипатов.

Хаттамаға 2017 жылғы 30 қарашада Минск қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) қатысушы мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімге баға белгілеуді жетілдіру мақсатында қол қойды.

Қолданыстағы Келісімге сәйкес жеткізілетін әскери өнімге бағалар ұлттық бөлімшелердің өз мұқтаждары үшін сатып алатын ішкі бағалары бойынша белгіленетінін атап өту қажет.

Осы Хаттаманың қабылдануымен мұндай жеңілдікті баға өндіруші тарап өз мұқтаждары үшін сатып алмайтын, бірақ Келісім талаптарына сәйкес ҰҚШҰ-ның басқа мүше мемлекетіне жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімге қолданылады.

Заң 2019 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

### **19. «Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау**

**туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұқашев.

Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа 2017 жылғы 7 шілдеде Ядролық қаруды толық жоюға алып келетін ядролық қаруға тыйым салуды заң тұрғысынан міндеттейтін құралды әзірлеу жөніндегі конференцияның қорытынды сессиясы барысында қол қойған.

Осы Шартқа сәйкес мүше мемлекеттің аумағында ядролық қаруды және/немесе ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіруге, сынауға, сатып алуға, беруге, сақтауға және орналастыруға тыйым салынады. Сонымен бірге ядролық қаруды қолдануға, сондай-ақ оны қолдану қатерін төндіруге тыйым салынады.

Шарт Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясы шеңберінде 2017 жылғы 20 қыркүйектен бастап қол қоюға ашылды және 50 мемлекет ратификациялағаннан кейін күшіне енеді (қазіргі уақытта шартқа 70 мемлекет қол қойды, 23 мемлекет ратификациялады).

Осы Шартты ратификациялау Қазақстанның ядролық қарудан азат әлемді құру және сақтау ісіне қомақты үлесін қосады, сондай-ақ еліміздің ядролық қарусыздану саласындағы көшбасшылығын растайды.

Заң 2019 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ**

### **1. «Стандарттау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Көбенев.

Заң жобасының мақсаты өнімнің сапасын арттыруды, оның бәсекеге қабілеттілігін және импортты алмастыруды қамтамасыз ететін ұлттық стандарттау жүйесін реформалау шеңберінде стандарттау саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасы техникалық регламенттерді орындаудың міндетті саласы ретінде техникалық реттеу жүйесі мен ұлттық стандарттау жүйесінің стандарттарды таңдау салалары ретінде аражігін ажыратуға бағытталған.

Заң жобасымен мемлекет, тұтынушы және бизнес мүдделерінің консенсусы негізінде жария талқылау арқылы ұлттық стандарттарды қабылдау, сондай-ақ пайдаланушылар мен мүдделі адамдар үшін стандарттау жөніндегі құжаттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету көзделеді.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, стандарттау саласындағы мемлекеттік органдардың, техникалық комитеттер мен техникалық сарапшылардың құзыреті бекітіледі. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің рөлін оларға ұлттық стандарттарды талқылау функцияларын беру арқылы күшейту ұсынылады.

Сондай-ақ Ұлттық органды қамтитын ұлттық стандарттау жүйесі регламенттеледі, оның функцияларымен стандарттау процестерін үйлестіру, салалар бойынша стандарттау құжаттарын талдау және жүйелендіру жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, заң жобасымен стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу, бекіту және қолдану тәртібі, сондай-ақ салалардың қажеттіліктерін айқындау және қайталанатын немесе ескірген стандарттарды алып тастау үшін стандарттарды мониторингтеу тетігі белгіленеді.

Заң жобасы шеңберінде стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтаудың жаңа жүйесі және осы саладағы ақпараттық қамтамасыз ету ұсынылады.

Заң жобасын талқылау барысында заңдық сипаттағы түзету енгізу қажеттігі туындады.

Заң жобасы 2018 жылы 27 қыркүйекте толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 3 қазанда Мәжіліс толықтырулар мен өзгерістерді мақұлдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 қазанда № 183-VI ҚРЗ қол қойды.

## **2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Көбенов.

Заң жобасының мақсаты заңнамалық базаны «Стандарттау туралы» Заң жобасының нормаларына сәйкес келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 56 заңнамалық актісіне, олардың ішінде он кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі жаңартылады, оған Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, мемлекеттік органдар және Мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталығы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар кіретін болады. Мемлекеттік метрологиялық бақылау және аккредиттеу субъектілерінің эталондары мен өлшем құралдарына бақылау регламенттеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс шеңберінде техникалық реттеу саласындағы заңнаманың, аккредиттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік күшейтіледі.

Заң жобасымен кейбір субъектілердің электр қуаты нарығына қатысуының баламалы тетігі көзделеді, оған сәйкес бұл кәсіпорындар энергияны өткізбей және бірыңғай оператордан сатып алмай екіжақты келісімшарттар бойынша электр қуатымен қамтамасыз етілетін болады.

Бұдан басқа, Көлік құралдарының электрондық паспорттарының жаңа жүйесі енгізіледі, ол Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін болады.

Заң жобасы шеңберінде автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау сапасына сараптама жүргізу жөніндегі, сондай-ақ жол активтерін басқару функцияларын орындайтын Ұлттық сапа орталығын құру ұсынылып отыр.

Заң жобасымен қаржы лизингі бөлігінде енгізілетін өзгерістер лизингтік компанияларға қаржы лизингі қызметтерін кәсіпкерлік субъектілеріне ғана емес, сонымен бірге мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға және негізгі қорларды жаңарту мен жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыратын жергілікті атқару органдарға да көрсетуге мүмкіндік береді.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында техникалық реттеу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ капиталды шетелдік нарықтарға шығаруды жүзеге асыратын эмитенттерге бағалы қағаздарды орналастыру үшін алаңды таңдау құқығын беру бөлігінде заң жобасына өзгеріс пен толықтырулар енгізу қажеттілігі

туындады.

Заң жобасы 2018 жылы 27 қыркүйекте толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 3 қазанда Мәжіліс толықтырулар мен өзгерістерді мақұлдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 қазанда № 184-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат А. Құртаев.

Заң жобасының мақсаты жарнаманы өндіру, тарату, орналастыру мен пайдалану процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен Жер, Бюджет, Салық кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, сондай-ақ «Жарнама туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Телерадио хабарларын тарату туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және басқа да Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен жарнама қызметінің тетігі өзектендіріледі және реттеу процесі жүйеленеді. Жарнама саласындағы уәкілетті орган мен реттеуші мемлекеттік органдар айқындалады, сондай-ақ олардың құзыреттері бекітіледі.

Заң жобасымен сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерге жатпайтын жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырудың хабарлама жіберілетін түрін енгізу көзделеді.

Заң жобасы аясында замануи жарнаманы дамытудың негізгі үдерістерін ескере отырып, сыртқы жарнама объектісі мен жарнаманың өзін реттеуді саралау ұсынылады.

Заң жобасымен бейне түрі бойынша сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін ақы төлеудің жаңа түрі енгізіледі. Бейне жарнама үшін ақы төлеу, орналастырылатын көрнекі жарнама алаңына тәуелді болатын «статикалық суреттерден» өзге, бейнелердің санына байланысты болады.

Бұдан басқа, телеарналарда таратудың жалпы көлемінде жарнама уақытын шектеу белгіленеді. Мәселен, заң жобасымен сағат он сегізден бастап жиырма үшке дейінгі уақыт кезеңіндегі жарнаманың жалпы ұзақтығы көзделеді, ол жиырма пайыздан артық болмауға тиіс.

Бұдан өзге, жарнама туралы заңнамалық актілерде белгіленген талаптарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері толықтырылады.

Заң жобасы 2018 жылы 25 қазанда толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2018 жылы 26 желтоқсанда Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 8 қаңтарда № 2015-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жолдасбаев.

Заң жобасының мақсаты халықаралық практиканы, стандарттар мен қағидаттарды ескере отырып, мемлекеттік статистика саласындағы, сондай-ақ институционалдық ортадағы және статистикалық жүйені операциялық қамтамасыз етуді құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 2 заңнамалық актісіне түзетулер енгізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу бойынша нақтылау енгізілген.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ұғымдық аппаратты нақтылауға және кеңейтуге бағытталған өзгерістер енгізілді, сондай-ақ бірқатар жаңа ұғымдар енгізіледі.

Үкіметтің Ұлттық санақты жүргізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту жөніндегі құзыреті бекітіледі.

Уәкілетті органға:

- уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингтеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал жүргізу тәртібін айқындау және оны жүргізу жөніндегі;

- респонденттердің ерікті негізде қатысуымен статистикалық нысандардың жобаларын тестілеу және талқылау тәртібін айқындау және оны жүргізу жөніндегі;

- үй шаруашылықтарынан өздерінің кірістері мен шығыстары туралы қажетті алғашқы статистикалық деректерді өтеулі және өтеусіз енгізе алу тәртібін белгілеу жөніндегі құзыреттер бекітіледі. Мемлекеттік статистика органдарына статистикалық әдістеме өзгерген жағдайда және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құжатпен расталған жаңартылған ақпарат негізінде статистикалық мақсаттар үшін жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарау жөніндегі функция бекітіледі.

Заң 2018 жылы 25 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 5 қарашада

№ 192-VI ҚРЗ қол қойды.

**5. «Туймазы – Омбы – Новосибирск-2» және «Омбы – Павлодар» магистральдық мұнай құбырларындағы технологиялық мұнайдың мәртебесін айқындау туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Сұлтанов.

Бұл Келісімге 2017 жылғы 9 қарашада Челябинск қаласында қол қойылды.

Келісімнің мақсаты қазақстандық тараптың («ҚазТрансОйл» АҚ) 141728 тонна мөлшеріндегі және ресейлік тараптың («Транснефть - Урал» АҚ – «Транснефть» ЖАҚ-ның еншілес қоғамы) 62048 тонна мөлшеріндегі технологиялық мұнайға меншік құқықтарын растау болып табылады.

Келісім бүгінгі күнде іс жүзінде бар мұнайдың онда көрсетілген ұйымдарға тиесілігін заңды түрде бекітеді, ал Келісімде көрсетілген схема мұнайды оның меншік иелеріне беру үшін қажетті азаматтық-құқықтық және ұйымдық рәсімдерді жеңілдетуге және барынша төмендетуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы меншік құқығының мұнайға өтуі кезінде салықтық міндеттемелерден босатуды көздейді. Берілетін мұнайға иелік құқығы Қазақстан Республикасына қатысты корпоративтік табыс салығын (төлем көзінен ұсталатын салықты қоса алғанда) есептегенде кіріс деп танылмайды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында жанама салықтарды (қосылған құн салығын және акцизді) есептеу үшін өткізу (өткізу бойынша айналым) болып табылмайды.

Мұнайды беру процесі Қазақстанда салық салынатын импорт деп танылмайды және Тараптар заңнамасында белгіленген өзге де салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер алуға жатпайды.

Осы заң жобасын қабылдау теріс экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарларға алып келмейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 8 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 21 қарашада № 195-VI ҚРЗ қол қойды.

**6. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 8156-KZ Қарыз туралы келісімге (Шығыс – Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы (Алматы – Қорғас учаскесі): Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хатты ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

Қазақстан Республикасы Заңының жобасын комитеттің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы кеңейтілген отырысында заң жобасы бастамашыларының және Сенат Аппараты қызметкерлерінің қатысуымен қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 8156-KZ Қарыз туралы келісімге (Шығыс – Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы (Алматы – Қорғас учаскесі): Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨЭЫ 1b) түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хатқа 2018 жылғы 23 мамырда Астана қаласында қол қойылды.

Қарыз туралы келісімге енгізілетін түзетулер «Орталық – Оңтүстік» дәлізінің «Астана – Қарағанды – Балқаш – Күрті – Қапшағай – Алматы» автомобиль жолының 1855-2152 км «Балқаш – Бурылбайтал» қосымша жол учаскесін қосуды көздейді.

Республикалық бюджеттік комиссия отырысының 2018 жылғы 11 қаңтардағы №1 хаттамасына сәйкес «Балқаш – Бурылбайтал» учаскесін реконструкциялауды қаржыландыру ХҚДБ қарызының үнемделген қаражаты және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен мақұлданды.

Осы заң жобасын қабылдау теріс экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарларға алып келмейді.

2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім-хат ратификациялануға жатады.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 желтоқсанда № 206-VI ҚРЗ қол қойды.

## **7. «Табиғи монополиялар туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Еңсегенов.

Заң жобасының мақсаты табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасы табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігін арттыруға, тарифтерді қалыптастыру процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге, тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуына бақылауды күшейтуге, сондай-ақ осы салаларға инвестициялар ағынын ұлғайтуға бағытталған.

Заң жобасымен табиғи монополияның салалары мен осы салалар Субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастыру тәртібі айқындалады.

Заңнамалық деңгейде реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерін, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін айқындауды көздейтін тарифті



реттеудің ынталандырушы әдісі енгізіледі.

Заңның жобасымен Үкіметтің, уәкілетті органның, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыреттері нақтыланады. Тұтынушылардың және осы салалардың субъектілерінің құқықтары, міндеттері белгіленеді. Табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік бақылау мен жауапкершілік регламенттеледі.

Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын арттыру, тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуын бақылауды күшейту мақсатында заң жобасымен мемлекеттік реттеу процесінің жариялылығы көзделеді. Осыған орай, Тарифтік саясат жөніндегі кеңес енгізіледі және қоғамдық бірлестіктердің жұмыс істеуі регламенттеледі, сондай-ақ, табиғи монополиялар субъектілерінің бұқаралық ақпарат құралдарында бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есептерді орналастыру жөніндегі міндеті көзделеді.

Сонымен қатар, заң жобасымен инвестициялық бағдарламаның орындалуына және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізілуіне қоғамдық мониторинг пен техникалық сараптама жүргізу тәртібі белгіленеді.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 желтоқсанда № 204-VI ҚРЗ қол қойды.

## **8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Сұлтанов.

Заң жобасының мақсаты мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен 14 заңнамалық актіге, олардың қатарында Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Салық кодексіне және 10 заңға: Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы, Акционерлік қоғамдар туралы, Байланыс туралы, Электр энергетикасы туралы, Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы, Мемлекеттік мүлік туралы, Ұлттық әл-ауқат қоры туралы, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы, Мемлекеттік сатып алу туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы орталықтандырылған қызмет қағидаты бойынша

мемлекеттік сатып алудың бірыңғай жүйесін ендіруді және квазимемлекеттік секторда сатып алуды жүргізу жөніндегі тәсілдерді қайта қарауды көздейді.

Заң жобасымен мемлекеттік органдардың электрондық сатып алуының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық сатып алуының ақпараттық жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін құру қарастырылады. Бірыңғай ақпараттық ресурсты пайдалану кәсіпкерлерге бір порталдан барлық сатып алу бойынша тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктің жалпы көлемін айқындауға мүмкіндік береді.

Заң жобасы шеңберінде квазимемлекеттік сектордың сатып алуы саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізіледі.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінде шағымдардың республикалық тізілімін қалыптастыру және жүргізу ұсынылады, онда веб-портал арқылы берілген шағымдар, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдер туралы мәліметтерді көрсету жоспарланып отыр.

Заң жобасымен әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі жаңа біліктілік талабы белгіленеді.

Бұдан басқа, тіркелу жері офшорлық аймақтар болып табылатын әлеуетті өнім берушілерге сатып алуға қатысуға тыйым белгіленеді.

Сонымен қатар, заң жобасында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған құқық қолдану нәтижелері бойынша түзетулер қамтылған.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 25 желтоқсанда № 202-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жолдасбаев.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартпен қолданыстағы кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерінің мерзімі 2018 жылғы 12 тамызға дейін деп айқындалған.

Осы Хаттамада қолданыстағы кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерін 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту көзделіп отыр (Армения Республикасы – 1,220 %, Беларусь Республикасы – 4,560 %, Қазақстан Республикасы – 7,055 %, Қырғыз Республикасы – 1,900 %, Ресей Федерациясы – 85,265 %).

Осы заң жобасын қабылдау теріс экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарларға алып келмейді.

Заң 2019 жылы 17 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 25 қаңтарда № 221-VI ҚРЗ қол қойды.

**10. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Сұлтанов.

Осы Хаттамаға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары 2018 жылғы 15 наурызда Мәскеу қаласында қол қойды.

Хаттаманың мақсаты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) 10-бабының 2-тармағына Жоғары кеңестің құрамына мүше мемлекеттің басшысы ғана емес, сонымен бірге өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Жоғары кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде шешімдерді қабылдау өкілеттіктері берілген мүше мемлекеттің үкімет басшысын қосу мүмкіндігін белгілеу бөлігінде өзгеріс енгізу болып табылады.

ЕАЭО туралы шартқа өзгеріс енгізу қажеттігі Армения Республикасындағы конституциялық өзгерістермен байланысты, оларға сәйкес Армения Республикасы 2018 жылғы сәуірден бастап Армения Республикасы Президентінің сыртқы саясат саласындағы негізгі өкілеттіктерін Армения Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министріне беруді көздейтін парламенттік басқару нысанына толығымен көшті.

Осы заң жобасын қабылдау мемлекеттік бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді және теріс экономикалық, әлеуметтік және құқықтық салдарға алып келмейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 31 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 8 ақпанда № 223-VI ҚРЗ қол қойды.

**11. «Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Еңсегенов.

Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 2018 жылғы 2 ақпанда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысында Алматы қаласында қол қойылды.

Келісімнің негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың заңды айналымын, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды және оларды жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алуды қамтамасыз ету үшін тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау саласында

келісілген, үйлестірілген саясат жүргізу болып табылады.

Келісім таңбаланатын тауарлардың айналымына бақылауды жүзеге асыру жолымен көлеңкелі экономиканың көлемін қысқартуға және бюджетке салық түсімдерін ұлғайтуға бағытталған.

Келісім Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімімен тізбесі бекітілетін таңбалануға жататын тауарларды Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде біріздендірілген сәйкестендіру құралдарымен таңбалау тәртібін айқындайды.

Сонымен қатар, Келісіммен сәйкестендіру құралдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу, Одаққа мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық комиссияны тауарларды таңбалауды енгізу жөнінде ниеттерінің бар екендігі туралы хабардар ету, Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі, сондай-ақ оларға таңбалануға қойылатын талаптар мен таңбалау шарттары қолданылмайтын тауарлар регламенттеледі.

Келісім шеңберінде Одаққа мүше мемлекеттердің ұсыныстары, тауарларды таңбалауды енгізудің орындылығын талдаудың, бизнес жүргізу жағдайына таңбалау енгізудің әсері, таңбалаудың технологиялық мүмкіндіктері болуы туралы ақпараттың, сондай-ақ тауарларға қатысты олардың айналымына бақылаудың өзге жүйесінің жұмыс істейтіндігі туралы ақпараттың негізінде Комиссия Кеңесі тауарларды таңбалауды енгізу туралы шешімді қабылдайды.

2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 14 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 1 наурыз № 230-VI ҚРЗ қол қойды.

## **12. «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бортник.

2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) 2018 жылғы 3 қазанда Мәскеу қаласында қол қойылды.

Хаттамаға сәйкес Келісімге 2 және 3-қосымшаларды Келісімнің шарттарынан шығару бөлігіне өзгерістер енгізіледі, ол Тараптардың құзыретті органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасында қолданылатын ведомствоаралық Хаттама жасасу арқылы Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкетуге тыйым салынған немесе шектеу қойылған және экспорттауға тыйым салынған немесе Қазақстан Республикасынан Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағынан тыс жерлерге әкетуге шектеу қойылған мұнай өнімдерінің тізбелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Келісімге енгізілетін өзгерістер жанар-жағармай материалдарының ішкі нарығының балансына байланысты экспортты ашу/жабу немесе мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін импорттау жөнінде шешім қабылдау кезінде ұтқырлықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

Осы Заң жобасын қабылдау экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық теріс салдарларға алып келмейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 14 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 1 наурызда № 228-VI ҚРЗ қол қойды.

### **13. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Энергетика саласындағы ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жолдасбаев.

Келісім 2017 жылғы 16 қыркүйекте Ташкент қаласында (Өзбекстан Республикасы) жасалды.

Келісім екі мемлекет арасындағы достық байланыстарды нығайтуға; мұнай-газ, мұнай-газ-химиясы және электр энергетикасы саласындағы ынтымақтастықты ынталандыруға; Қазақстанның оңтүстік өңірлерін табиғи газбен үздіксіз жабдықтауға, сондай-ақ Келісім тараптары газ-көлік жүйесінің транзиттік әлеуетін дамытудағы өзара мүдделілігіне бағытталған.

Келісімде Өзбекстан тарапының Қазақстанда шығарылатын мұнайды жылына 2 млн. тоннаға дейінгі көлемде алуға мүдделілік танытатындығы белгіленген.

Келісім шеңберінде Өзбекстан тарапының мұнайдың жоспарланған көлемін қабылдауды қамтамасыз ету үшін Өзбекстан аумағында мұнай-көлік және мұнай өңдеу инфрақұрылымын салуды уақтылы аяқтауға кепілдік береді.

Келісімде іс-шаралардың уақтылы орындалуын реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын Үйлестіру кеңесін құру көзделеді.

Келісім Қазақстан тарапының Шымкент – Жизақ магистральдық мұнай құбырын пайдалануға бергенге дейін магистральдық құбырмен мұнайды

тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерге нөлдік мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығын салуын регламенттейді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығын қайтару мақсаттары үшін магистральдық құбырмен мұнайды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді Қазақстан тарапы халықаралық тасымал ретінде қарастырады.

Заң 2019 жылы 14 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 1 сәуірде № 239-VI ҚРЗ қол қойды.

#### **14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Мамытбеков.

Заң жобасы Мемлекет басшысының алтыншы шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші сессиясының ашылуында бизнес-ортаны одан әрі дамыту бойынша берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасымен 56 заңнамалық актіге, оның ішінде: Азаматтық, Жер, Экологиялық, Бюджет, Кәсіпкерлік, Азаматтық процестік кодекстерге, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекске, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекске, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы бизнес ахуалды жақсартуға, салық салу нормаларын нақтылауға, кедендік әкімшілендіруді оңайлатуға, биржалық сауданың одан әрі өсуін қамтамасыз етуге, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыруға, электрондық саудадағы тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің сауда қызметін жетілдіруге бағытталған.

Салықтық әкімшілендіруді жаңғырту мақсатында заң жобасымен салықтық әкімшілендіру мен салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерін орындаудың өзге тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды қолдану мүмкіндігі ұсынылады. Электрондық сауданы жүзеге асыратын шағын және орта бизнес субъектілері үшін корпоративті табыс және жеке табыс салықтарының мөлшерлемелері жаңа Салық кодексінің шеңберінде 100%-ға төмендетіледі. Кең таралған пайдалы қазбалардың шөгінді жыныстары үшін пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық мөлшерлемесін, арнайы экономикалық аймақтардың аумағына тауарларды өткізу кезіндегі ҚҚС, ойын бизнесі салығының мөлшерлемелерін оңтайландыру, сондай-ақ салықтық декларациялауды жетілдіру және кедендік декларациялауды оңайлату көзделеді. Электрондық сауда, оның ішінде трансшекаралық электрондық

сауда инфрақұрылымын дамыту үшін экспортқа арналған тауарларды декларациялау тәртібі оңайлатылады.

Заң жобасы шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің сауда қызметін реттеуді заңнамалық қамтамасыз ету жетілдіріледі. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу әдістері заң тұрғысынан бекітіледі. Тарифтік жеңілдіктер, тарифтік преференциялар, тыйым салулар, сандық шектеулер, рұқсат беру тәртібі, жауап беру және өтемақылық шаралар регламенттеледі.

Заң жобасымен елдің ДСҰ-ға мүше болуына байланысты Қазақстан Республикасының міндеттемелері және ДСҰ-ның жұмыс және консультативтік органдарымен өзара іс-қимылы шеңберіндегі мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі нормалар толықтырылады.

Агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін тұрақтандырушы қорлармен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандырудың балама тетігі енгізіледі.

Қазақстанда биржалық сауданы жетілдіру мақсатында заң жобасымен Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, өзін өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын, брокерлер мен дилерлерді аккредиттеу қағидаларын келісетін және өзін өзі реттейтін ұйымдардың тізбесін жүргізетін уәкілетті органның құзыреті толықтырылады.

Сондай-ақ, заң жобасымен соттардың жұмысы мен сот рәсімдерінің заманауи форматын ендіру көзделеді.

Заң жобасы 2019 жылы 14 наурызда өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

2019 жылы 20 наурызда Мәжіліс Заңды қабылдады.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 2 сәуірде № 241-VI ҚРЗ қол қойды.

## **15. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Көбенов.

Заң жобасының мақсаты арнайы экономикалық аймақтарды реттеу, сондай-ақ индустриялық аймақтар қызметін құқықтық регламенттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату тәртібі регламенттеледі. Үкіметтің, уәкілетті органның, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті белгіленеді. Заңнамалық тұрғыдан индустриялық аймақтардың түрлері, сондай-ақ арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Заң жобасының шеңберінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының функциялары, мәртебесі, оларды

қаржыландыру және тарату тәртібі айқындалады.

Сонымен қатар бірыңғай үйлестіру орталығын құру көзделген, оның міндеттері арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту, ілгерлету және олардың инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.

Заң жобасымен арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі және салық салуды, кедендік реттеуді, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті және қатысушыларды құқықтық қорғаудың кепілдігін қоса алғанда, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеу шарттары регламенттеледі.

Заң 2019 жылы 28 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 3 сәуірде № 242-VI ҚРЗ қол қойды.

## **16. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Көбенев.

Заң жобасы Мемлекет басшысының ҚР Парламенті үшінші сессиясының ашылуы кезінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бойынша заңнаманы жақсарту жөнінде, сондай-ақ 2019 жылғы 27 ақпанда «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде аз қамтылған азаматтар мен көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау шараларын күшейтуге қатысты айтқан тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормаларын «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңның жобасына сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасымен 28 заңнамалық актіге, оның ішінде Жер, Бюджет, Кәсіпкерлік кодекстеріне, «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекске, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы арнайы экономикалық аймақтар қызметінде жаңа тәсілдерді іске асыруға, индустриялық аймақтардың жұмыс істеуін регламенттеуге және инвестициялар тартуға бағытталған.

Заң жобасында АЭА және ИА қатысушыларының жер учаскелерін, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін алу және пайдалану тәртібі регламенттеледі. Республикалық маңызы бар және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтарды бюджеттен толық немесе ішінара қаржыландыру көзделеді.

Сондай-ақ салық салу бөлігінде басқарушы компанияларға АЭА және



ИА-ға қызмет көрсету үшін жер салығының, мүлік салығының және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомаларын айқындау кезінде есептелген салық пен төлемақы сомаларын 100%-ға азайтуға мүмкіндік беретін өзгерістер ұсынылады.

Заң жобасында атаулы көмек көрсету критерийін ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ына дейін арттыру, аз қамтылған отбасылардағы әрбір балаға арналған ең төмен төлемді 20 789 теңге сомасында белгілеу, сондай-ақ мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының және бала кезінен бірінші топтағы мүгедекті күтіп бағушы адамдарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін 30%-ға ұлғайту арқылы аз қамтылған азаматтар мен көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау шаралары көзделеді.

Заң жобасының шеңберінде білікті педагогтар, дәрігерлер, полицейлер және басқа да мамандар үшін «7-20-25» бағдарламасы шеңберінде жеңілдікті ипотека бойынша бастапқы жарналарды жергілікті бюджеттен ішінара субсидиялау тетігі енгізіледі.

Экспортты одан әрі дамыту және ілгерілету үшін заң жобасының шеңберінде экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру көзделеді. Заң жобасымен мемлекеттік кепілдік берудің шарттары, олардың нысандары, оларды есепке алу, орындау және қолданысын тоқтатудың негіздері, сондай-ақ осындай кепілдіктерді алуға үміткер тұлғаға қойылатын талаптар белгіленеді.

Заң 2019 жылы 28 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 3 сәуірде № 243-VI ҚРЗ қол қойды.

## **17. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарының функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Султанов.

Заң жобасы 100 нақты қадам – Ұлт Жоспарының өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге, мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беруге бағытталған 97-қадамын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске және 5 заңға: «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық

кәсіпкерлер палатасы туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасымен орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарының функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізгі мақсаттары, қағидаттары мен тәсілдері регламенттеледі. Функцияларды іріктеу мен бәсекелес ортаға берудің негізгі өлшемшарттары, сондай-ақ тәртібі айқындалады.

Заң жобасымен мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің бес тәсілі ұсынылады: аутсорсинг арқылы (мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес); мемлекеттік тапсырма шеңберінде (бюджет заңнамасына сәйкес); мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы заңнамаға сәйкес); функцияларды пайдаланушылар есебінен беру; міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы.

Заң жобасында бәсекелес ортаға берілген функциялардың мониторингі көзделеді, оны орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі тұлғалар жүргізеді. Мониторингтің нәтижелері бойынша бәсекелес ортаға берілген функцияның сапасыз жүзеге асырылғаны анықталған жағдайда, функция қайтарылуға жатады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «**Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру**» Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған тапсырмаларын іске асыру мақсатында заң жобасында мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру және кірістерді өзі дербес пайдалану құқығы көзделген.

Заң 2019 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 19 сәуірде № 250-VI ҚРЗ қол қойды.

## **18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Султанов.

Заң жобасы көлік саласындағы заңнаманы жетілдіру, жолаушылар мен жүкті тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, ұлттық заңнаманы халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес келтіру, сондай-ақ құқықтық қайшылықтар мен олқылықтарды жою мақсаттарында әзірленді.

Заң жобасымен 26 заңнамалық актіге: оның ішінде Су, Бюджет, Қылмыстық, Кәсіпкерлік кодекстеріне, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына

өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасында автокөлік құралдарын тексеру негіздемелерінің тізбесі белгіленеді, бұл көліктік бақылау органдарының жаппай тексеру практикасын болдырмауға мүмкіндік береді.

Заң жобасымен жолаушыларды тасымалдау сапасын арттыруға және тасымалдаулардың ауқымын кеңейтуге бағытталған бірқатар нормалар енгізіледі. Мәселен, халықаралық рейстер кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады. Заң жобасында оған сәйкес қазақстандық тасымалдаушылар бір шекара маңындағы облыстың аумағы бойынша орналасқан елді мекендер арасында тасымалдауларды жүзеге асыра алатын норма көзделеді. Таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметі регламенттеледі.

Сонымен қатар, Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметі регламенттеледі. Оның жұмыс істеуінің құқықтық негіздері және қызметін қаржыландыру тәртібі, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті ұйымның арасындағы құзыреттердің аражігі айқындалады.

Заң жобасымен теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын, теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту жөніндегі, сондай-ақ кемелерден ластануды болғызбау жөніндегі қағидаларды, теңіз порты мәртебесін беру қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумақтық суларында жүзу қағидаларын бекіту жөніндегі уәкілетті органның құзыреті нақтыланады және толықтырылады.

Теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды, апаттар мен аварияларды тергеп-тексеру, теңіз кемелерімен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру және авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру тетіктері заңнамалық тұрғыдан бекітіледі.

Бұдан өзге, теңіз кемелерін бақылау және қадағалау толықтырылады және жіктеледі: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелерді және шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер мен теңіз портындағы кемелерді бақылау және қадағалау. Кемелерді тексеру санын оңтайландыру мақсатында кемелерді міндетті түрде қарап-тексеру – алты айда бір реттен жиілетпей тексеру мерзімділігі, сондай-ақ кемелі жоспардан тыс қарап-тексеру үшін негіздемелердің тізбесі белгіленеді.

Заң 2019 жылы 11 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 19 сәуірде № 249-VI ҚРЗ қол қойды.

**19. «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат А. Бейсенбаев.

Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (бұдан әрі – Келісім) комитеттің 2019 жылғы 2 сәуірдегі кеңейтілген отырысында заң жобасы бастамашылары мен Сенат Аппараты қызметкерлерінің қатысуымен қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Заң жобасы 2018 жылғы 17 мамырда Астана қаласында жасалған Келісімді ратификациялауға бағытталған.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Иран Ислам Республикасы арасында бірқатар бекітілген тауарларға қатысты 3 жыл мерзімге преференциялық сауда режимін белгілеуді және өзара саудадағы импорттық кеден баждарын төмендетуді көздейді.

2005 жылғы 30 мамырдағы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2019 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 7 мамырда № 253-VI ҚРЗ қол қойды.

**20. «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Еңсегенов.

Заң жобасы 2018 жылғы 17 мамырда Астана қаласында қол қойылған Келісімді ратификациялауға бағытталған.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер және Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара сауданы жақсарту үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Келісім өзара саудадағы баждардың жойылуы мен төмендеуін көздемейді.

Заң жобасы ішкі нарықты қорғау шаралары, саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, кедендік ынтымақтастық, зияткерлік меншік, бәсекелестік, мемлекеттік сатып алу саласындағы ынтымақтастық, салалық ынтымақтастық, электронды сауда сияқты саудадағы реттеулер мен ынтымақтастық салаларының кең ауқымын қамтиды.

Осы заң жобасын қабылдау теріс экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және экологиялық салдарға әкеліп соқпайды.

Заң 2019 жылы 30 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 13 маусымда № 259-VI ҚРЗ қол қойды.

## ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

**1. «2009 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Бектұрғанов.

2009 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға (бұдан әрі –Хаттама) 2017 жылғы 9 қарашада Челябинск қаласында (Ресей Федерациясы) мемлекеттер басшыларының қатысуымен өткен Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық ынтымақтастығының XIV форумының барысында қол қойылған.

2009 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы қолданыстағы келісім шеңберінде қазақстандық азаматтарға, Байқоңыр қаласының 48 мыңнан астам тұрғындарына медициналық көмекті Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес ресейлік медициналық ұйымдар ғана көрсетеді.

Қазақстан Республикасында көрсетілетін медициналық көмектен айтарлықтай өзгешеліктер болуына байланысты біздің азаматтарымыз Қазақстанның заңнамасына сәйкес кепілдік берілген медициналық көмек көлемін, тегін дәрілік құралдар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар алу, профилактикалық медициналық (скринингтік) тексерулерден өту құқығымен қамтамасыз етілмеген. Байқоңыр қаласының тұрғындары Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде қолжетімді жоғары мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізе алмауда, бұл мүгедектікке және өмір сапасын төмендетуге алып келетін келеңсіз жағдайлар қаупін ұлғайтуда.

Заң жобасын қабылдау Хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын азаматтарына Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмек көрсетуі мәселесін реттеуге мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді, оны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындарын көздемейді.

Заң 2018 жылы 6 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 18 қыркүйекте № 181-VI ҚРЗ қол қойды.

**2. «Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше бір мемлекеттің азаматтары Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше екінші мемлекеттің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде ұшыраған өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Әйтимова.

Заң жобасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайту бөлігіндегі келісілген әлеуметтік саясаты тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленген.

Келісім ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің өндірістегі жазатайым оқиғалар салдарынан зардап шеккен азаматтарының еңбектегі құқықтарын өзара қорғауға бағытталған.

Келісімде ЕурАзЭҚ-қа мүше бір мемлекеттің азаматтары ЕурАзЭҚ-қа мүше екінші мемлекеттің аумағында еңбек қызметін уақытша жүзеге асыру кезінде ұшыраған өндірістегі жазатайым оқиғаларды еңбекке орналастыратын мемлекеттің заңнамасына сәйкес тергеп-тексеру тәртібі белгіленеді.

Келісімді іске асыру жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде өндірістегі жазатайым оқиға туралы актінің бірыңғай нысанын пайдалануға мүмкіндік береді, онда жұмыскер, жұмыс беруші және жазатайым оқиға туралы барлық қажетті ақпарат қамтылады.

Жазатайым оқиғаның тергеп-тексерілуіне байланысты берілген, ЕурАзЭҚ-қа мүше елдің бірінің аумағында ресімделген құжаттарды немесе олардың расталған көшірмелерін ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа елдер заңдастырмай қабылдайды.

Өндірістегі жазатайым оқиғадан зардап шеккен жұмыскердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу еңбекке орналастырған мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Заң жобасын қабылдау жағымсыз құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді, оның іске асырылуы мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындарын көздемейді.

Заң 2018 жылы 27 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 11 қазанда № 186-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат С. Ершов.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының діни қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамасын жетілдіру болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қылмыстық-атқару кодексіне және 9 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне:

- бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті қоғамдық орындарда киіп жүргені;

- діни бірлестік басшысының, мүшелерінің немесе діни бірлестіктің осы діни бірлестіктің жарғысында айқындалған мақсаттар мен міндеттердің шегінен шығып кететін әрекеттер жасағаны;

- Қазақстан Республикасы азаматтарының шет мемлекеттерде рухани (діни) білім алуы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны;

- діни радикализм көріністерін танытқаны;

- деструктивті діни ағымдарға жататындығын көрсететін сыртқы атрибуттарды, киім-кешекті қоғамдық орындарда пайдаланғаны, киіп жүргені және таратқаны үшін әкімшілік жауаптылық көздейтін түзетулер енгізіледі.

Заң жобасымен енгізілетін жекелеген түзетулер діни қызмет туралы заңнаманы бұзғаны үшін тағайындалатын әкімшілік айыппұлдар мөлшерін азайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне түзетулер Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі сотталғандармен теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту бойынша құзырет беруді көздейді.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «деструктивті діни ағым», «діни радикализм», «діни бірлестіктің қатысушысы (мүшесі)» деген жаңа ұғымдар енгізіледі.

Сонымен қатар заң жобасында мемлекет пен дін арасындағы өзара қатынастарды реттейтін, өңірлік діни бірлестіктердің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі құзыретін айқындайтын түзетулер көзделеді.

Заң 2018 жылы 27 қыркүйекте толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Мәжіліске қайтарылды.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 29 қаңтардағы №25 қаулысымен кері қайтарып алынды.

#### **4. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің арасындағы Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Қызыл Крест Комитеті Өкілдігінің мәртебесі, артықшылықтары және иммунитеттері туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Әйтімова.

Халықаралық Қызыл Крест Комитеті (бұдан әрі – ХҚКК) – соғыс, зорлық құрбандарын қорғау, төтенше жағдайлардың нәтижесінде зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі ізгі миссияны орындайтын, гуманитарлық құқықты насихаттайтын тәуелсіз, бейтарап ұйым.

ХҚКК осы ұйымның айрықша мәртебесін айқындайтын Соғыс құрбандарын қорғау жөніндегі 1949 жылғы Женева конвенциясының және 1977 және 2005 жылдардағы оған Қосымша хаттамалардың негізінде жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы бұл Конвенциялар мен Хаттамаларға 1993 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде қосылды.

Қазіргі уақытта ХҚКК-нің әлемнің 80-нен астам елдерінде өз өкілдіктері бар, ол олармен екіжақты келісімдердің деңгейінде қарым-қатынас жасайды, бұл елдерде де ХҚКК-нің халықаралық құқық субъектілігі мойындалады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ХҚКК-нің арасындағы Қазақстан Республикасындағы ХҚКК Өкілдігінің мәртебесі, артықшылықтары және иммунитеттері туралы келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасында ХҚКК өкілдігін ашудың шарты болып табылады. Заң жобасының қабылдануы ХҚКК тұрақты кеңсесінің ашылуы үшін қажетті жағдайларды жасауға, оның ішінде құқық субъектілігін мойындауға, артықшылықтар мен иммунитеттер беруге, салықтардан босатуға, үй-жайларына қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етуге және ХҚКК мандатына сәйкес Қазақстан Республикасында оның қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесетін болады.

ХҚКК өкілдігін ашу Мемлекет басшысының көпжақты дипломатия хабын құру туралы бастамасын іске асыруға ықпал етеді.

Келісімде ұлттық заңнамаға қарағанда өзге нормалардың қамтылатындығын ескере отырып, осы Келісім «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5, 11-баптарына сәйкес ратификациялауға жатады.

Осы Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және құқықтық теріс салдарларға алып келмейді.

Заң 2018 жылы 8 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 21 қарашада № 194-VI ҚРЗ қол қойды.



## **5. «Кинематография туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Нөкетаева.

Заң жобасы кинематография саласының құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындау мақсатында әзірленді.

Кинематография саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін дербес заңды қабылдау заңнамалық деңгейде киноөндірісті қолдау, ұлттық фильмдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халық үшін кино көрсету қызметінің қолжетімділігі, киноиндустрияның ашықтығы мен инвестициялардың тартымдылығы, шетелде қазақстандық киноның беделінің өсуі мен танылуы үшін жағдай жасау қажеттілігімен негізделген.

Заң жобасымен жалғыз құрылтайшысы және акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының (бұдан әрі – Орталық) жұмыс істеуі үшін құқықтық негіз жасалған. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобаларды және ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдауды ұсыну, сондай-ақ кинематография саласындағы субсидияларды төлеу жөнінде бірыңғай оператор болып табылады.

Фильмді ұлттық деп тану жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында Орталықтың жанынан Сараптама кеңесі – шығармашыл қызметкерлер мен сарапшылар қатарынан консультативтік-кеңесші орган құрылады.

Заң жобасымен фильмді ұлттық деп тану негіздері айқындалды.

Заң жобасымен сондай-ақ ұлттық киноны мемлекеттік қаржыландырудың жаңа үлгісін енгізу ұсынылады. Мемлекеттік қаржылық қолдау ұлттық фильмдерді шығаруды, прокаттау мен көрсетуді және осыған байланысты іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ ұлттық фильмдерді шетелде ілгерілету үшін ұсынылады.

Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдап дайындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан консультативтік-кеңесші орган – Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылады.

Заң жобасы қабылданған соң Фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі құрылатын болады, ол Қазақстан Республикасының аумағында фильмдерді жүйеге келтіру және есепке алуды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ Заң жобасымен ұлттық мәдени игіліктің ажырамас бөлігі ретінде ұлттық фильмдерді және жекелеген заңды тұлғаның жұмыс істеуі арқылы бастапқы материалдарды сақтау жолымен ұлттық кинематографияны қолдау көзделіп отыр.

Заң жобасымен заңнаманың ұғымдық қатарын, бірқатар нормативтік

құқықтық актілер қатарын әзірлеу және бекіту жөніндегі уәкілетті органның, мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу бойынша, оның ішінде халықты кинематография туындыларына қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау арқылы жергілікті атқару органдарының құзыреттерін кеңейту көзделеді.

Заң жобасына сәйкес фильмді фестивальдарда, семинарларда, ретроспективада көрсету жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында фильмді прокаттау және көрсету ол Мемлекеттік фильмдер тізілімінде тіркелген кезде ғана және берілген прокаттау куәлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында шығарылған барлық фильмдерге және Қазақстан Республикасының аумағында прокаттау мақсатында әкелінетін (жеткізілген) фильмдерге жас санаттары беріле отырып, жасқа сыныптау жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында фильмдерді прокаттау қазақ тілінде және басқа да тілдерде жүзеге асырылады. Ұлттық фильмдерді прокаттау қазақ тілінде және қажеттілігіне қарай басқа да тілдерде жүзеге асырылуға тиіс. Прокатталуы шектеулі фильмдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында кинозалдар мен осы мақсаттарға арналған өзге де орындарда прокатталуы және көрсетілуі қазақ тілінде жүзеге асырылмайтын фильмдер қазақ тіліне дубляж жасалуға не субтитрленуге, не кадр сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуге тиіс.

Заң жобасы қабылданған жағдайда теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарлар күтілмейді.

Заң жобасын қабылдау және іске асыру мемлекеттік бюджет қаражатынан қосымша қаржы шығындарына алып келеді.

Заң 2018 жылы 6 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 3 қаңтарда № 212-VI ҚРЗ қол қойды.

## **6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Нөкетаева.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерін «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Негізгі заң жобасының тұжырымдамалық бағыттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Аталған түзетулер салалық сипатқа ие және кинематографиямен байланысты мәселелерді құқықтық реттеуге арналған.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілетін түзетулер Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін тиісті жауаптылықты көздейді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар ұлттық фильмдерді өндіру және прокаттау үшін салықтық преференцияларды қолдануды көздейді. Аталған түзетулерге сай Қазақстан Республикасының кинематография туралы заңнамасына сәйкес ұлттық фильм деп танылған фильмді Қазақстан Республикасының аумағындағы кинозалдарда көрсетуді жүзеге асырудан түсетін кірістер бойынша корпоративтік табыс салығы 100 пайызға азайтылуға жатады.

Заң жобасымен «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қайталанатын нормаларды алып тастау және «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Аталған түзетулерге сәйкес мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру мақсатында уәкілетті орган консультативтік-кеңесші органдарды – театр, музыка қызметі және концерттік қызмет, цирк өнері, музей ісі және археология, бейнелеу өнері, сәулет және дизайн, әдебиет және кітап басып шығару жөніндегі салалық көркемдік кеңестерді құрады.

Осы заң жобасы қабылданған жағдайда Қазақстан Республикасында кинематографияны дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Заң 2018 жылы 6 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 3 қаңтарда № 213-VI ҚРЗ қол қойды.

## **7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Төреғалиев.

Заң жобасы Мемлекет басшысының өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың кірісін есепке алу, салық төлеу және проблемаларын шешу, оның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысуы жөніндегі мәселелерді нақты әзірлеп дайындау қажеттілігі туралы тапсырмасын іске асыру үшін, сондай-ақ 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған сапалы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік қамсыздандырудың әділ жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасы бейресми жұмысқа тартылғандардың өз қызметін заңдастыруына және бірыңғай жиынтық төлемді төлеудің есебінен зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік және медициналық сақтандыру

жүйесінің толық мүшесі болуына мүмкіндік беретін жүйелі шараларды ендіру арқылы шарттастыруға және оларды еліміздің экономикасына тартуға бағытталған.

Заң жобасымен 22 заңнамалық актіге, оның ішінде Бюджеттік, Кәсіпкерлік, Салық кодекстеріне, «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы», «Халықты жұмыспен қамту туралы» және басқа да заңдарға түзетулер енгізіледі.

Заң жобасының негізгі ережелері:

– 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап бейресми жұмыспен қамтылған адамдардың қызметін салық органдарында тіркеудің жеңілдетілген тәртібін көздейтін бірыңғай жиынтық төлемді енгізуді; Бейресми жұмыспен қамтылғандар үшін бірыңғай жиынтық төлемді енгізу:

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне және медициналық ұйымдарды таңдау құқығымен сомасы мен түрі бойынша шектеусіз медициналық қызметтерге қолжетімділікті алуға;

зейнетақы жинақтау жүйесіне қатысуға және жүйеге қатысу өтіліне қарай базалық зейнетақы төлемдерін алуға;

еңбекке жарамдылығын жоғалту, асыраушысынан айырылу, жүкті болу және босану, бала немесе қыз асырап алу, 1 жылға дейін бала күту жағдайларында әлеуметтік төлемдерді алуға мүмкіндік береді;

– міндетті әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті медициналық сақтандыру аударымдарын төлеушілердің санаттарын біріздендіруді;

– «жұмыспен қамтылған адам», «жалдамалы жұмыскер», «тәуелсіз жұмыскер» ұғымдарын және Халықаралық еңбек ұйымы белгілеген жұмыспен қамтылғандардың халықаралық сыныптауышы негізінде олардың мәртебесін айқындауды;

– бизнеске, жұмыс берушілерге және бюджетке ауыртпалықты ұлғайтуға жол бермеу мақсатында жекелеген салық шегерімдерін есептеу үшін дерекқорды ең төменгі жалақыдан айлық есептік көрсеткішке өзгертуді;

– «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркіне қатысушылар үшін салықтық артықшылықтар беруді;

– этностық қазақтар-репатрианттардың зейнетке шығуы кезінде олардың шетелде тұруы кезеңіндегі жинақталған еңбек өтілін есепке алуды және басқаларды көздейді.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 26 желтоқсанда № 203-VI ҚРЗ қол қойды.

**8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар**

## енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Бектұрғанов.

Заң жобасы Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы заңнаманы одан әрі дамытуға бағытталған.

Заң жобасымен 12 заңнамалық актіге, оның ішінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге түзетулер көзделеді, олар мынадай негізгі бағыттарды қамтиды:

- 1) тегін медициналық көмектің мемлекеттік көлемінің жаңа үлгісін ендіру;
- 2) медициналық ұйымдардағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру;
- 3) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын ендіру;
- 4) қоғамдық денсаулықты сақтау мәселелерін жетілдіру;
- 5) медициналық білім беру жүйесі мен ғылымды жетілдіру, медициналық кадрларды дайындау сапасын арттыру;
- 6) донорлықты дамыту.

Мәселен, заң жобасымен көрсетілетін медициналық көмектер көлемдерін топтамалар бойынша бөлу ұсынылады:

- 1) ең төмен – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі;
- 2) базалық – «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек (бұдан әрі – МӘМС);

3) мыналарды:

- «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті медициналық сақтандыру шеңберіндегі медициналық көмек;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсету мен өзге де көздердің есебінен ұсынылатын медициналық көмекті қамтитын медициналық көмектің қосымша көлемі.

Заң жобасына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады, барынша дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ дәрілік көмекті қамтиды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберіндегі медициналық

қызметтер ұсыну үлгісін одан әрі жетілдіру мақсатында «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, оған сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде:

1) алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының және бейінді мамандардың жолдамасы бойынша консультациялық-диагностикалық көмек;

2) алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша ауруларды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емдеу жағдайларын қоспағанда, стационарды алмастыратын көмек;

3) ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланған саны шеңберінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша ауруларды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емдеу жағдайларын қоспағанда, жоспарлы стационарлық көмек;

4) уәкілетті орган айқындайтын аурулар (жай-күйлер) тізбесі бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша медициналық оңалту және қалпына келтіру емі;

5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін аурулардың паталогиялық-анатомиялық диагностикасы ұсынылатын болады.

Заң жобасында сондай-ақ білім беруді, зерттеулерді және клиникалық практиканы ұштастыру арқылы медициналық кадрлар дайындау мен медициналық қызметтер сапасын арттыруға, бірқатар әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын қайта қарауға, донорлық және трансплантология институтын жетілдіруге, туберкулезбен және АИТВ-пен ауыратындарға медициналық көмек көрсетуге, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесі мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамадағы олқылықтарды жоюға бағытталған нормалар көзделген.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 28 желтоқсанда № 208-VI ҚРЗ қол қойды.

## **9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Сатыбалды.

Заң жобасының мақсаты дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қолжетімділігін, сапасын және қауіпсіздігін, олардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жоспарлау жүйесін жетілдіру болып табылады.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Салық, Қылмыстық, Кәсіпкерлік кодекстеріне,

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске және Қазақстан Республикасының 10 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Енгізілетін түзетулер шекті бағаларды бекіту арқылы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық дәрілік заттарға арналған бағаларды реттеуді енгізуді; әкімдердің құзыретінен фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды беру жөніндегі функцияларды алып тастауды; азаматтардың жекелеген санаттарын тегін немесе жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз ету үшін кешенді бағалаудың негізінде дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдардың ұлттық формулярлық тізбесін қалыптастыруды; дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды электрондық сатып алуға көшуді, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған басқа да нормаларды көздейді.

«Медициналық бұйымдар» ұғымының енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік және Қылмыстық кодекстеріне, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы», «Азаматтық қорғау туралы», «Жарнама туралы», «Жол жүрісі туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Техникалық реттеу туралы» және т.б. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне редакциялық түзетулер енгізіледі.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 2018 жылы 28 желтоқсанда № 211-VI ҚРЗ қол қойды.

## **10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бақтиярұлы.

Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары әзірледі және балалардың құқығын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасының мақсаты балалардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін жетілдіру болып табылады. Заң жобасында осындай ұйымдардың функциялары нақтыланады, Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар ұсынылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік кодекстеріне, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі

туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодекстеріне және Қазақстан Республикасының 6 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасының негізгі жаңалығы ұлттық алдын алу тетігі (бұдан әрі – ҰАТ) қатысушыларының баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға баруына жататын объектілердің тізбесіне енгізу арқылы ҰАТ мандатын кеңейту болып табылады.

Атап айтқанда, «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- ҰАТ ерекшеліктерін регламенттейтін жаңа тараумен толықтырылады, ҰАТ қатысушыларының өкілеттіктерінің және оларға қойылатын талаптардың көлемін айқындайды;

- балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның жаңа құзыретін көздейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түзетулер бас бостандығынан айыру мерзімін арттыру арқылы кәмелетке толмағандарға қатысты зорлағаны және сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жауаптылықты күшейтуді көздейді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне ішкі істер, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау уәкілетті органдары лауазымды адамдарының құқық бұзушылық әрекеттерді кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы хабарламағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды жасауы жөніндегі құқықтарын белгілеу бойынша өзгеріс енгізіледі.

Сондай-ақ заң жобасына оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және заң техникасының қағидаларына сәйкес келтіруге бағытталған редакциялық және нақтылаушы сипаттағы түзетулер енгізілген.

Заң 2019 жылы 14 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 1 сәуірде № 240-VI ҚРЗ қол қойды.

## **11. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Жұмағұлов.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 9 қарашада Челябинск қаласында қол



қойылды және ол М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының (бұдан әрі – филиал) жұмыс істеу шарттарын бекітеді.

Заң жобасын қабылдау Ресей Федерациясы Білім министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің филиалды құру және оның жұмыс істеуі туралы келісілген шешім шарттарының және Қазақстан тарапының Қазақстанда филиалдың білім беру қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ету саласындағы өзіне алған міндеттемелерінің орындалуы үшін құқықтық негіз жасайды.

Филиал өтеусіз пайдалануға берілген Еуразия университетінің мүліктік базасында жұмыс істейді, мүлік алып қоюға және үшінші тұлғаларға беруге жатпайды.

Келісімде мыналар көзделеді:

- филиалда Қазақстан тарихы мен қазақ тілі міндетті түрде оқытылып, даярлықтың «математика», «қолданбалы математика және ақпараттану», «филология», «экология және табиғатты пайдалану», «экономика» бағыттары бойынша оқыту;

- филиалда оқыту күндізгі және күндізгі-сырттай оқыту нысандары бойынша жүзеге асырылады және орыс тілінде жүргізіледі;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде филиалда оқуды тәмамдаған Мәскеу университетінің түлектері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істеп өтеуі міндетті;

- филиалдың білім беру және қаржылық-шаруашылық қызметіне Келісімнің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру және Қазақстан тарапына бекітіліп берілген мүлікті филиалдың пайдалануы тұрғысынан бірлескен тексеруді жүзеге асыру үшін ведомствоаралық комиссия құру;

- филиалдың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға бөлінген қаражат есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес Қазақстан тарапының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қызметті жүргізу үшін филиалды материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң жобасын қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және құқықтық салдарларға алып келмейді.

Заң 2019 жылы 25 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 7 мамырда № 254-VI ҚРЗ қол қойды.

## **12 «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Әйтимова.

2019 жылғы 29 сәуірдегі кеңейтілген отырысында заң жобасы бастамашыларының және Сенат Аппараты қызметкерлерінің қатысуымен қарап, мыналарды атап көрсетеді.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары М. Айсина, А. Базарбаев, А. Бейсенбаев, Б. Мамраев, Ш. Өтемісов, Н. Сабильянов және Е. Сұлтанов бастамашы болған және ол Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің – Елбасының көпбалалы отбасыларды және жұмыс істеп жүрген жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Заң жобасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың тұрғынжайды бірінші кезекте алуын көздейтін түзету енгізіледі.

Заң жобасында «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

- «көпбалалы отбасы» ұғымын «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес келтіру;

- «сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай» деген жаңа ұғымды енгізу;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға азаматтардың аталған санаттарының жиынтық орташа айлық кірісі тұрғынжай беру туралы өтініш жасау алдындағы соңғы 12 айда отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуы тиіс жағдайда мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай беруді регламенттейтін нормаларды енгізу;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары мәртебесін беру;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға тұрғынжайды бірінші кезекте алу құқығын беру, сондай-ақ олар бойынша

тұрғынжайға мұқтаж адамдар есебінің бөлек тізімін жүргізу;

- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды, көпбалалы отбасыларды тұрғынжайға мұқтаж адамдар есебінен шығарып тастауға тыйым салуды белгілеу бөлігінде түзетулер көзделген.

Сондай-ақ заң жобасында «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

- «жұмыс істеп жүрген жастар» деген жаңа ұғымды енгізу;

- Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі жаңа құзырет беру бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді.

Заң 2019 жылы 30 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы 6 мамырда № 251-VI ҚРЗ қол қойды.

## **АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ КОМИТЕТІ**

**1. «1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы келісімге Хаттамаға Қосымша хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Еламанов.

1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы келісімге Хаттамаға Қосымша хаттама (бұдан әрі – Қосымша хаттама) 2017 жылғы 9 қарашада Челябинск қаласында (Ресей Федерациясы) жасалды және мыналарды:

бірлескен кәсіпорынға кейіннен 4 жылға ұзарту мүмкіндігін ұсына отырып, бүкіл келісімшарт аумағында алты жыл мерзімге қосымша барлау кезеңін беруді;

2005 жылғы 6 шілдедегі Өнімді бөлісу туралы келісімде көзделген келісімшарт аумағын ұлғайтуды;

Өнімді бөлісу туралы келісімге қосымша келісімге қол қою күнін қосымша барлау кезеңінің басталу күні ретінде белгілеуді көздейді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес Келісімге Хаттамаға Қосымша хаттама ратификациялануға жатады.

Осы заң жобасын қабылдау қазақстандық және ресейлік тараптардың уәкілетті ұйымдарына «Құрманғазы» («Құлалы») құрылымының келісімшарт аумағында барлау жұмыстарын одан әрі жалғастыруға мүмкіндік береді.

Заң 2018 жылы 6 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 25 желтоқсанда № 200-VI ҚРЗ қол қойды.

**2. «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өзара сауданы жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен құрамында осындай заттары бар өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімді және 2015 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер өзара сауданы жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен құрамында осындай заттары бар өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Нұралиев.

Осы келісім Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағы арқылы

озонды бұзатын заттарды өткізуге байланысты қатынастарды реттейді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 1985 жылғы Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясы және оған 1987 жылғы Монреаль хаттамасы бойынша халықаралық міндеттемелерін іске асыруға бағытталған.

Келісімді қабылдау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жердің озон қабатын қорғау бойынша халықаралық міндеттемелерінен шығатын озон бұзатын заттар мен құрамында осындай заттары бар өнімдерді өткізу, экспорттау/импорттау, сондай-ақ оларды есепке алу бойынша талаптарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім мен оған Хаттама Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауына жатады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарларға алып келмейді, республикалық бюджеттен қосымша шығыстар талап етпейді.

Заң 2018 жылы 6 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 25 желтоқсанда № 201-VI ҚРЗ қол қойды.

### **3. «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы туралы келісімді ратификациялау туралы»**

Заң жобасын жүргізген депутат Ж. Нұрғалиев.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) 2017 жылғы 7 қарашада Мәскеу қаласында қол қойылған.

Келісімнің мақсаты ЕАЭО шеңберінде тұқымдардың жалпы нарығын дамыту және:

- тұқымдардың сапасы туралы мәліметтерді қамтыған құжаттарды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өзара тануы, бұл тұқым нарығына қатысушылардың қайта сараптама жүргізуге және тұқымдардың сапасы туралы құжаттарды ресімдеуге уақыт пен қаражатты үнемдеуіне мүмкіндік береді;

- ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егу (отырғызу) сапасын айқындаудың бірыңғай әдістерін қолдану, бұл тұқымдарды өзара жеткізу кезінде келіспеушіліктерді болдырмауға, нормативтік базаны халықаралық стандарттарға сәйкес өзектендіруге және үйлестіруге мүмкіндік береді;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық тізілімдеріне енгізілген сұрыптар туралы мәліметтерді қамтыған жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыру;

- ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа тиімді сұрыптарын айналымға жедел енгізу үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында тұқым шаруашылығы және сұрыптарды сынау саласындағы заңнаманы біріздендіру арқылы өзара тұқым саудасындағы кедергілерді жою болып табылады.

Келісімді іске асыру Қазақстанға:

- сұрыптарды сынау және тұқым шаруашылығы саласындағы заңнаманы жетілдіруге;

- Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тұқым нарығына қол жеткізуді кеңейтуге;

- республикадағы селекцияны және тұқым шаруашылығын дамытуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ отандық ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауына жатады.

Заң 2018 жылы 20 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

Заңға Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылы 27 желтоқсанда № 207-VI ҚРЗ қол қойды.

*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының  
комитеттерімен өзара байланыс жасау бөлімдерінің материалдары  
бойынша Ақпараттық-талдау бөлімі әзірледі*

*ШЖҚ «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының  
әкімшілік ғимараттары дирекциясы» РМК баспаханасында басылды.  
Астана қаласы, тел: 74-64-24, 74-65-97*